



ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК ОРТАЛЫҒЫНЫҢ КІТАПХАНАСЫ
БИБЛИОТЕКА ЦЕНТРА ПЕДАГОГИЧЕСКОГО МАСТЕРСТВА
LIBRARY OF THE CENTER OF EXCELLENCE



Мұғалімге көмек

В помощь учителю

Help for the teacher

ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ ТАНЫМДЫҚ КЕРІ БАЙЛАНЫС ТҮРЛЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

ЭФФЕКТИВНЫЕ ПУТИ
ПРИМЕНЕНИЯ
ФОРМАТИВНОЙ КОГНИТИВНОЙ
ОБРАТНОЙ СВЯЗИ



ӘОЖ 317.14
К 14

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ
Педагогикалық шеберлік орталығының Әдістемелік кеңесі ұсынған

Рекомендовано Методическим советом Центра педагогического мастерства
АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы»

Пікір жазған:

Әлимов Ә.Қ., ф.ғ.к., Педагогикалық шеберлік орталығы

К 14 Каирова Д.Т.

Қалыптастырушы танымдық кері байланысты ұйымдастырудың тиімді жолдары:
Әдіст. құрал. / Т.Д. Каирова. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016. – 50 б.

ISBN 978-601-7916-10-7

Бұл әдістемелік құрал танымдық кері байланыс дегеніміз не және оның сабақтағы орны жайында түсіндіріп, нақты ұғымды жеткізеді. Оқушының оқуда жетістікке жетуіне қолдау көрсетуде қандай жұмыс түрлерін ұйымдастыруға болатынын көруге болады. Автор келтірілген кері байланыс алу түрлеріне түсініктемелер жасау арқылы сабақта қалай қолдануға болатынын, танымына қалай әсер ететінін көрсетеді. Құралда кері байланысты танымға бағыттауға жоспарлау мен тиімділікті бағалауға ерекше көңіл бөлінеді. Өйткені табыстылық тек тыңғылықты жоспарлау мен аралық бағалау жағдайында ғана орын алады.

Әдістемелік құралда ұсынылған тұжырымдар орта білім мазмұнын жаңарту аясында мұғалімдердің сабақтарында қолдануға пайдалы болады.

Методическое пособие доступно и точно дает определение когнитивной обратной связи, объясняет ее значимость при планировании современного урока. В пособии даны образцы обратной связи, которые можно предоставить учащимся для организации поддержки их обучения. Комментируя виды обратной связи, автор дает идеи применения её на уроке, что отражено в предложенных планах уроков. Особое внимание уделено предоставлению когнитивной обратной связи. Приведенные в пособии примеры обратной связи дают учителям возможность организации процесса достижения поставленных целей.

Материал пособия будет полезен для учителей в контексте реализации идей обновления содержания среднего образования.

ӘОЖ 371.14
К 14

ISBN 978-601-7916-10-7

© «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ
Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016

© АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы»
Центр педагогического мастерства, 2016



МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	4
1 - Бөлім. Кері байланыс.....	6
Кері байланыс деген не?.....	6
Танымдық кері байланыс тиімділігі.....	8
Топтық жұмыс барысындағы кері байланыс.....	9
2 - Бөлім. Кері байланыс орнатуда ескеретін мәселелер мен ережелер.....	11
Кері байланыс/пікір	11
3 - Бөлім. Танымға бағытталған кері байланыс ұсына аласыз ба?.....	37
4 - Бөлім. Кері байланыс үдерісін жоспарға енгізу.....	41
Қорытынды.....	47
Пайдаланылған әдебиет тізімі	48
Пайдалануға ұсынылған әдебиет	49

КІРІСПЕ

Жүрекке де айна керек.

*Күніне бір мәрте, немесе аптасына
тым болмаса айына өз-өзіңнен есеп ал...*

Көкіректе сәулесі жоқтың, көңілде сенімі жоқ [1]

Абай.

Жалпы білім беру үдерісінде кері байланыс ұсыну оқу жетістіктерін жақсарту мақсатында табысқа жету критерийлерінің бірі ретінде кеңінен қолданылуда. Қалыптастырушы бағалау оқушылардың жетістікке жетудегі тиімді құралдардың бірі ретінде қарастырылып отыр. Кері байланыс түрлерінің ішінде танымдық кері байланыс жан-жақты қарастырылған. Хэтти және Тимперли зерттеулеріне сүйене отыра танымға бағытталған кері байланыстың оқушылар біліміне әсерін айқын көруге болады. Әдістемелік құрал кері байланыстың тиімді жолдарына жан-жақты тоқтала отыра, мұғалімге пайдалы кеңестер ұсынады. Төменде берілген сабақ жоспарында кері байланыс түрлері үлгі ретінде егжей –тегжейлі көрсетілген. Орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде құрылған сабақ үзінділерінен тиімді кері байланыс орнату жолдарын қарастырамыз. Кері байланыс беру барысында пайдалануға болатын тіркестер мен ұсыныстар мысал ретінде беріледі. Оқушымен байланыс орнату кезінде мұғалімнің кері байланысына қойылатын талаптар және алгоритмдер ұсынылады.

Табысты мұғалімдер сабақтарында кері байланысты сәтті пайдалануда. Дегенмен, кері байланыс үдерісі оқушылардың қаншалықты білім алғанын өлшей алады? Қолданыстағы кері байланыс көбінесе эмоционалды тұрғыда қалыптасып бара жатқаны ешкім үшін құпия емес. Сабақта жетістікке жетелейтін, оқушылардың өзін-өзі реттеуге, метатанымына әсер ететін құралдардың бірі – танымдық кері байланыс. Кері байланыс арқылы оқушы өзінің қай деңгейде екенін, жұмысын қалай жақсартуға болатынын, өз даму жолын көре алады.


Мұғалім сабақтың тиімділігі мен сапасын арттыру мақсатында оқушыларды үнемі кері байланыс үдерісіне тартады. Кері байланыс қаншалықты жұмысты дамыта алады? Сабақ жоспарлауда, тапсырмаларды саралау мен басымдықтарды айқындауда [Хэтти мен Тимперли] (2007) [2] кері байланыстың төрт деңгейін белгілейді:

- жауапкершілік туралы кері байланыс;
- тапсырманы қорыту туралы кері байланыс;
- өзін-өзі реттеу туралы кері байланыс;
- тұлғаға бағытталған кері байланыс.

Хетти зерттеулерінде кері байланыстың өзектілігі мен танымға әсерін көрсеткен. Берілген зерттеулердің негізінде оқушылардың танымына әсер ететін әдістерді саралай отыра, оларды қолдануға байланысты нұсқаулықтар берілген. Кері байланыс ұйымдастыру оқушы білімінің дамуымен қатар, сараптама жасау, өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға машықтайды. Жасалған әрекет негізінде өзіне есеп бере отыра қалай білім алу керек екенін, өзінің қалай оқып жатқанын түсінеді. Сондықтан сабақтарда кері байланыстың орны ерекше маңызды.

Жалпы кері байланысты қалыптастырушы бағалаумен біртұтас, бөлінбейтін үдеріс. «Тиімді оқыту» бағдарламасында «Қара жәшік» ішіндегі жұмыс метафорасы оқушының оқу сапасын жақсартуда кері байланыстың маңыздылығы көрсетілген.

Сабақта кері байланыс үдерісі жүйелі қолданылатын болса, оқу мақсатына жету өлшемі айқындала түседі. Мақсат пен кері байланысты үйлестіру алгоритмдерін пайдалану да маңызды. Алгоритмдер мұғалімнің кері байланыс берудегі дағдыларын шыңдай түседі. Сабақтың сапасы мақсат және оған жету жолдарының тиімді ұйымдастырылуына байланысты. Сабақта мақсатқа жетудің табысты өлшемдерінің бірі – кері байланыс.



Берілген сурет бағалау арқылы оқуды жақсарту бойынша зерттеуден алынған. Зерттеу нәтижелері бір қарағанда қарапайым болып көрінетін бес басты фактордан тұрады.

Оқушыларды тиімді кері байланыспен қамтамасыз ету.

Оқушылардың өзіндік оқуға белсенді қатысуы.

Бағалау нәтижелерін ескере отырып, оқытуды өзгерту.

Бағалаудың оқушылардың өзін-өзі бағалауы мен қызығушылығына едәуір ықпал ететіндігін мойындау, бұл өз кезегінде білім алуға түбегейлі ықпал етеді.

Оқушылардың өзін-өзі бағалай алуы және өздерінің оқуын қалай жақсартуға болатындығын түсінудің қажеттілігі.[3]

Берілген факторларды қарастыра отыра оқушыларды тиімді кері байланыспен қамтамасыз ету бірінші кезекке шығарылғанын көруге болады. Өйткені білім аруды

реттеу мен саралау мұғалімнің міндетінде. Сондықтан берілген білім қаншалықты меңгерілгенін, олқылықтарды қалай түзетуге болатыны жайында оқушылар жүйелі түрде кері байланыспен қамтамасыз етіліп отыруы керек. Кері байланыс белгілі деңгейде осы келтіріліп отырған бес факторға қатысы бар. Өзіндік оқуға белсенді қатысу үшін өзіне сенімділік керек. Сенімділікті кері байланыс арқылы қамтамасыз етуге болады. Бағалау нәтижелерін ескеруде тиімді кері байланыстың орны ерекше. Өзін – өзі, өзге оқушыларды бағалау үшін өз танымына, біліміне рефлексия жасайды.

Құралдағы кері байланыс ұйымдастыру әдістері жаңартылған білім беру бағдарламасын тиімді жүзеге асыруға септігін тигізеді.

1 - БӨЛІМ. КЕРІ БАЙЛАНЫС КЕРІ БАЙЛАНЫС ДЕГЕН НЕ?



2-сурет [3]

Қазақстан Республикасының білім берудегі басты мақсаты: жан - жақты дамыған, білімді, өмір сүруге бейім, өзіндік ой - толғамы бар, адамгершілігі жоғары, бәсекеге қабілетті жеке тұлға тәрбиелеу. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін оқушыға білім мазмұнын терең игерудің тиімді жолдарын іздестіріп, шығармашылыққа жетелейтін қазіргі заман талабына сай ғылыми-әдістемелік біліммен қаруланған, білікті маман, шебер мұғалім дайындау қажет.[2] Білім алуда сенімді, өзіне есеп бере алатын тұлға қалыптастыру үшін оқушылармен кері байланыс орнатудың маңыздылығы мен қажеттілігі туындап отыр. Жаңашыл мұғалім – оқыту технологиясы жүйесімен оқушыларды өмірге дағдыландыру құзыреттілігін айқындау бағытындағы әдіс-тәсілдерді жетік меңгерген тұлға.

Қазіргі әлеуметтік-педагогикалық ғылым түсінігінде (ағылш. feedback -«фидбэк»), термині жиі қолданылады.

Әлеуеті жоғары мұғалім оқушыларының сабақта не үйренгеніне міндетті түрде назар аударады. Алынған білімді өлшеу жолдарының бірі тиімді кері байланыс орнату. Кері байланыс аспектілерінің бірі танымдық кері байланыс орнату. 1-сурет кез келген білім алу үш аспекті бойынша жүзеге асады. Бұл ақпарат сізге деңгейлік

курстан таныс. Кері байланыс үдерісі де эмоционалдык, танымдық, әлеуметтік аспектілері бойынша қарастырылады. Кері байланыс деген не? Оны жүзеге асыру жолдары қандай? Танымдық кері байланыстың сабақ барысындағы өзектілігі қандай? Осы сұрақтарға жауап іздеп көрейік.

Барлығымыз кері байланыс алу жолдарын ұйымдастырамыз. Тиімді кері байланыспен барлық оқушыларды қамтамасыз ету маңыздылығы туындап отыр. ОЛ оқушыға не береді? Оқушы өз әрекетін реттей алады, сабақта не үшін әрекеттер жасалғанын түсінеді, өз оқуына жауапкершілік алады, болған жағдайға рефлексия жасап үйренеді, өзін-өзі реттеуге машықтанады.

Мұғалімге не береді? Мұғалім тиімді жоспарлауға, сабаққа нақты мақсат қоюға, оқушы ерекшеліктерін анықтауға, сабағына өзгеріс енгізуге мүмкіндік алады. Осыған орай сабақта танымдық кері байланысты кеңінен ұйымдастыру қажеттілігі туындап отыр.

Оқушыны тиімді кері байланыспен қамтамасыз ету ережелері.

Жалпы:

1. Мұғалім кері байланысы уақытылы болуы тиіс, туындаған даудың әрқайсысына қолдау көрсете отыра тоқтату керек.
2. Бір сөзді қайта қолданудан қорықпаңыз, себебі айтылған ойдың түсінікті болғаны маңызды.
3. Кері байланыс субъективті және ой талқылауға ашық.
4. Кері байланыс үдерісіне қатысушыларға мәселені жан-жақты талқылауға жеткілікті уақыт берілуі тиіс.
5. Сіз беретін кері байланыс оқушы жасаған жұмыс шеңберінде болуы керек. Оқушы сабақтың қай кезін фокус етіп алып тұрғаныңызды біліп, бар күшін салуға мүмкіндік алатындай болуы шарт;
6. Кері байланыс барысында адам қандай да сезімге ие, соның негізінде өзіндік пікір қалыптасады. Сезімнің жағымды болуына назар аударыңыз.

Жағымды:

- Сөйлеп тұрған адамға кері байланыс бергіңіз келсе қысқа қағытпа сөздерді (реплика) мейлінше жиі қолданыңыз, реплика алаңдаушылық туындатпайтын болсын;
- Жұмыстың жақсы жақтарын тым көтермелеудің қажеті жоқ, мәнін қарапайым сөздермен беру жеткілікті;
- Мадақтау мәселені шешуге бағытталуы керек;
- Ұзақ сөйлемеңіз.

Жағымсыз:

- Сыни ескертпенің мәнін асыра айтудың қажеті жоқ, сынды байыппен тұжырымдаңыз.
- Сыни ескертуді жалпылама көрсетпеңіз, нақты жағдайға қатысты көрсетіңіз.
- Ұсақ сыни ескертуге жол бермеңіз, нақты мәселелерді көрсетіңіз.
- Кемшілікті көрсеткенде сыналған жұмыстың оң жақтарын да көрсетуді ұмытпаңыз.
- Факт бойынша ресми сөйлеңіз. Ұсақ- түйекті айтып үйретуге, намысына тимеуге тырысыңыз.
- Сында мәселенің шешімін көрсетуден гөрі, сол шешімді табуда қолдау көрсетудің маңызы зор.
- Сыни ескертуді жоққа шығармаңыз, байыппен ойлана отыра фактілер келтіріңіз.
- Бірден шабуыл жасап сынды бетіне баспаңыз (арты дауға ұласуы мүмкін);
- Айтылған сынға ренжуге асықпаңыз, сындарлығына назар аударыңыз.
- Сыни ескертулер көлемін шектеу үшін қайта сұраңыз және түсініксіз сұрақтарды анықтаңыз.
- Сыни ескерту бір жақты пікірге негізделгені болжанса, басқа қатысушылардың пікірін білуге тырысыңыз.
- Егер сын қажетті деңгейде дәлелденбесе, өз негіздемелеріңізді қайталап, түсініктемені кеңейтіңіз. [5] Материалдар аударма жасау арқылы сараланып алынған.

ТАНЫМДЫҚ КЕРІ БАЙЛАНЫС ТИІМДІЛІГІ

Көбіне кері байланыстар эмоцияға бағытталып жатады. Мысалы: Сабақ ұнады ма? Өзіңді сабақта қалай сезіндің? Әрине осының барлығы да маңызды болғанымен оқушының өзін-өзі реттеуіне әсер ете алмайды. Оқушы тек өз эмоциясын жазады, мұғалім өз кезегінде сабағына өзгеріс енгізе алмайды. Кері байланыс оқушының біліміне бағытталмағандықтан маңыздылығы жойылып кетеді. Сондықтан кері байланыс орнату танымға бағытталуы тиіс. Кері байланыс ұйымдастыруда төмендегі қағидаттарды ұстаныңыз. Неліктен танымдық болатынына назар аударып отырыңыз.

- бағыттаушы сұрақтардың маңыздылығын ескеру; (қайда? қалай? кімдер? неліктен осылай жасады?)
- Кері байланыс үдерісінде қолданған әдістер жаңа немесе тың идея әкелуге бағытталсын; (джигсо, сана аллеясы, пікірлер сызығы, стоп –кадр т.б.)
- әдістер оқушылардың қалай оқу керектігін түсінуіне бағытталуы (метатаным);
- Ойларын жинақтау, зерттеушілік дағдыларын дамыту мақсатында графикалық органайзерлерді қолдану; (дара диаграмма, қос диаграмма, Венн диаграммасы)

- берілген әдістер мақсатты өлшеуге бағытталсын; (сабақта мақсат отбасы мүшелерінің мінезі болса, әдіс осы мақсаттың жүзеге асуын көретіндей болу керек. Атамның мінезі..., Әжемнің мінезі ...)
- кері байланыс алу және беру мүмкіндігін ойластыру; (әр сабақта 5 минут)
- кері байланыс тұлғаны бағалауға емес, жұмысты түзетуге бағытталсын;
- кері байланыс алу тек эмоция түрінде қалмасын; (сабақ ұнады, ұнамады)

Әрине «ЖАРАЙСЫҢ!» деген сөз керемет. Бірақ, оқушының нені біліп неге үйрену керек екенін көрсете алмайды. Білімнің оқушы танымына қалай әсер еткенін өлшеу маңызды.

Мысалы: «Сабақтан түйген 3 ой ..., осыған дейін таныс болған 2 ақпарат ..., түсініксіз 1 сұрақ ... жазыңыз» деген ұсыныстар сабақтан алынған білімге байланысты болуын ойластырыңыз.

- сынып толығымен кері байланыс үдерісіне тартылуы тиіс;

Топтық жұмыстарды ұйымдастыру оқушылардың танымына оң әсерін тигізеді. Жасалған жұмысқа кері байланыс беруде ойландыратын тұстары баршылық. Топтық жұмыстарды талдау мен модерация жасау кезінде төменгі қағидаттарды ұстанғаныңыз жөн.

ТОПТЫҚ ЖҰМЫС БАРЫСЫНДАҒЫ КЕРІ БАЙЛАНЫС.

Кері байланыс топтық жұмыста 3 ақпарат аймақ байланысын реттеу үшін қажет:

- Жеке мәнді ақпарат аймағы (топта отырған бір мүшені қызықтыратын, оны дамуға жетелейтін ақпарат болуы);
- Өлеуметтік мәнді ақпарат аймағы (топ мүшелерінің барлығының дамуына әсер ететін қажетті ақпарат);
- Мазмұнды мәнді ақпарат аймағы (топтық жұмысты жүзеге асыратын нақты ақпарат).

Топтық жұмысты ұйымдастыру тәжірибесінде кері байланыстың 2 түрі белгілі: *жағымды* (келісім, жағымды мінездеме, қолдау) және *жағымсыз* (пікірді жоққа шығару, теріс бағалау, нақты бір адамға бағытталған сын). Мұғалім мәселенің мән-жайын толық меңгеріп қана қоймай, кері байланыс берушілер мен алушылардың ерекшелігін ескеру керек. Кейде қатысушыны шектен тыс мақтау оның зерігуіне әкеледі немесе ирония ретінде қабылданады.

- қысқа, жағымды сөздерді қолдану;
- жағымды көзқарасты бекіту үшін қысқа негіздемелер келтіру.

Жағымды кері байланыс топтың ахуалын немесе қатысушының жеке қанағаттанушылығын жақсартып қана қоймай, олардың топтық әрекеттегі белсенді рөліне жағдай жасайды.

Топтық жұмыста кері байланысты мейлінше жиі қолдануға болады, бірақ қатысушыларда дұрыс бағыт пен өзіндік көзқарас қалыптасу үшін сын мен мақтаудың көлемін, құрылымын естен шығармау керек. Мұғалімнің кері байланысы топ мүшелері үшін үлгі боларлықтай деңгейде болсын. Кері байланыстың өзіндік моделі ретінде қызмет ету керек. Осының барлығы оқушының танымының дамуына жағдай жасайды.[5] Материалдарға саралана аударма жасалған.

Кері байланыс ұйымдастыру машығыңызды шыңдауда төмендегі кесте көмек болады. Кері байланыс білдіруде бағалаудан аулақ болыңыз, жұмыс бойынша фактілер келтіріңіз. Даму траекториясын анықтауға көмек болатын тұстарына баса назар аударыңыз. Жұмысты дамытуға арналған ресурстар ұсыныңыз (кітап атаулары, интернет сілтемелері).

Бағалаусыз кері байланыс

1-кесте[5]

Баға беру	Бағалаусыз
1. Үстеулер	1. Етістіктер
2. Сын есімдер	2. Атаулы есімдер
3. Жаргонизмдер	3. Айғақтар
4. Пікірлер	4. Сандар
5. Сынаулар	5. Сезімдерді атау
6. Абсолюттау (үнемі, әрқашан, ешқашан)	6. Эмоциялық қолдау
7. Сын, наразылық, мысқыл және т. б.	7. Адам қандай болса, сол қалпында қабылдау

Айтылған ойды бағалаусыз кері байланысқа көшіру технологиясы:

1. Баға ретінде айтылған ойды сезім арқылы қайта құру (ұнады, ұнамады).
2. Айғақ бойынша бағыттаушы сұрақ қою (нақты не көрдің, не естідің?)

Мимикасы мен қимылынан, дауыс ырғағынан не көре алдың? Қатысушы нақты не істеді? Тыңдаушы әрекетінде нақты не болды?) [6]

2- кесте [5]

Сұрақтар	Алдын ала бағалау	Қалыптастырушы баға	Жиынтық баға
Бұл не?	Оқушылардан ақпарат жинау мақсатында қолданылады.	Оқушылардың оқуы жайында ақпарат беретін баға	Оқушыларда қандай білім қалыптасқанын көрсететін баға.
Қашан қолданылады?	Сабақ алдында немесе зерттеу басында.	Сабақ, модуль барысында зерттеудің кезеңдерінде.	Сабақ соңында, зерттеу бірлігінде.
Неліктен қолданылады?	Оқушының дайындық деңгейін анықтап нұсқаулық беру үшін.	Оқушылардың дамуын бақылау мен нұсқаулық беруге өзгеріс енгізу үшін	Оқушылардың білімдері жайында дәлелдемелер жинақтауда.

2 - БӨЛІМ. КЕРІ БАЙЛАНЫС ОРНАТУДА ЕСКЕРЕТІН МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ЕРЕЖЕЛЕР


Берілген бөлімде кері байланыс алуға байланысты әрекеттер ұсынылған және бұл әрекеттерді әр мұғалім сабақтың құрылымдық ерекшеліктеріне, оқушылардың танымдық белсенділіктеріне сай сабақтарда, тренингтерде шығармашылықпен қолдана алады.

КЕРІ БАЙЛАНЫС/ПІКІР

Әр оқушымен білім көрсеткішіне байланысты кері байланыс жүргізу өте маңызды. Себебі ұтымды жүргізілген кері байланыс оқушының өз еңбегін бағалауына, күшіне сенуіне мүмкіндік береді, ал мұғалімнің сабақ нәтижесі бойынша нені жақсарту, өзгерту керектігіне негіз болады. Жалпы, кері байланыс сабақ барысындағы түрлі жұмыстар арқылы оқушының дамуы, ізденісі, өз күшіне деген сенімі, ортаға деген көзқарасы деп тұжырым жасасақ, теориялық тұрғыда кері байланыстың 3 қарапайым ережесі қарастырылады.

1. Баға емес, комментарий беріңіз.
2. Үш мықты жақ және бір мақсат.
3. Міндеттерді бақылау.

Жоғарыда аталған ережелер кері байланыстың жүйелі, мақсатты жүргізілуіне бағыт беріп, күтілетін нәтиженің жүзеге асырылуына жұмыс жасайды.



Дәлелдеме жасау дағдылары

- Кез-келген пікір нақты айғақпен дәлелденуі маңызды және дәлелдемелер сіздің айтқаныңыздың ішінде не және неліктен дұрыс екендігін көрсету керек.
- Мысалы, «Мынау балмұздақ ең жақсы, өйткені ол тәтті және салқын».
- Аргументіңіз дәлелді болу үшін мысалдар келтіріңіз. Келтірілген мысалдар шынайы жағдаяттар мен оқиғаларға негізделсе, оқушылар әрбір сөзіңіздің шындық екеніне көз жеткізеді.
- Дәлеліңізді өмірден алынған нақты деректермен толықтырыңыз.
- Мысалы, «Х-Factor танымал. Бұған оны тамашалаған он миллионға жеткен көрермен саны дәлел».
- Шығармада кері дәлелдерді қолданыңыз. Кері дәлел негізгі дәлелге қайшы келеді. Сондықтан да неліктен дұрыс емес екенін көрсету арқылы, сіз өз пікіріңізді күшейте аласыз.
- Кез-келген дәлел келтіргенде бірнеше мысал ұсыныңыз. Бұл әдіс арқылы сіз өзіңіздің дәлеліңізді одан да сенімді етесіз.
- Дәлеліңіз логикалық жолмен өрбитіндігіне көз жеткізіңіз. Әрбір көзқарас

алдыңғы көзқараспен, дәлелмен байланысты болу керек.

- Сіз пайдаланған барлық себептерді бір-бірімен байланыстырыңыз. Себептер арасындағы байланысты көрсету, дәлеліңіздің сенімділігін арттырады.
- Өз шығармаңызды жан-жақты қарастырыңыз. Бір сұраққа байланысты әртүрлі адамдар түрлі дәлелдеме келтіре алатынын көрсетіңіз.
- Не жайында жазғаныңызға байланысты бірнеше пікірді салыстырыңыз. Олар ұқсас немесе қарама-қайшы бола алатынын көрсетіп, оны түсіндіріңіз.
- Өз дәлеліңіздің жалпы құрылымын алдын-ала жоспарлаңыз. Бірыңғай көзқарас пен тақырыптарды топтастырыңыз. Нақты тақырып жайында бәрін жазып болғаннан кейін ғана алға қарай жүріңіз.
- Келтірілген кіріспенің түсінікті және тақырыпқа сай екеніне көз жеткізіңіз. Кіріспе қарастырылатын мәселеге сай болып, не жайында жазатыныңызды көрсету керек.
- Қорытындының қысқа да нақты екеніне көз жеткізіңіз. Қорытындыда қарастырылған мәселеге қысқаша шолу жасалады, жаңа ақпарат берілмеуі керек.
- Тақырып бойынша кеңейтілген талқылау жасаған кезде «қарсы емеспін /қарсымын» үлгісіндегі құрылымды пайдаланған жөн. Осы ретте адамдардың ұсынысыңызды қолдап немесе қандай қарсы дәлелдемелерді келтіре алатынын ескеріңіз. Бұл тәсілді тиімді жүргізу арқылы шығарманың айқындылығы арта түседі.
- Жасаған қорытындыңыз бен келтірілген себептер арасында мағыналық байланыс бар екеніне көз жеткізіңіз. Егер келтірілген себептерге мүлдем қатысы жоқ қорытынды болса, онда ол қорытындының дұрыс болмағаны.
- Дәлелдеме жасау барысында сұраққа жауап бергеніңізге көз жеткізіңіз. Әрбір ойда қойылған сұраққа жауап нақты болу керек.
- Жұмысты бастамас бұрын қарастырылатын мәселенің басты мақсаты жайлы ойланыңыз. Ол қандай бағытта ойлануыңыз керектігін көрсетеді. Сонымен қатар барлық қарастырылатын мәселе жайлы ойыңызды жүйелеңіз. Рет-ретімен орналастырып, жауап жазған кезде негізге алыңыз.
- Келтірілген дәлеліңіз тыңдармандарды сендіру керектігін ұмытпаңыз. Олар сізбен келіспеуі де мүмкін.
- Өз жауабыңызды алдын-ала жоспарлаңыз. Сізде қандай дәлел бар, қандай көзқарастарды қарастырасыз және оларды қандай тәртіппен ұсынасыз. Осының бәрін ойластырып қойыңыз. Бұл жүйе арқылы сіз шығармаңыздың нақтылығы мен сенімділігін арттырасыз.
- Келтірілген дәлеліңізге баға беріп, мықты және осал жақтарына назар аударыңыз. Бұл әдіс өз айғақтарыңыздың негізділігін түсінетінін сізді көрсетеді.

Мазмұны бойынша сұрақтар

- Өз жұмысыңызда ұсақ-түйектер деңгейін көбейтіңіз. Нақты ақпарат пен идеялар тақырыпты мұқият ойластыруыңызға көмектеседі.
- Сұрақтарға жауап бергенде немесе тапсырманы орындағанда тілді дұрыс пайдаланғаныңызға көз жеткізіңіз. Пән тілін қатесіз пайдалануға жаттығыңыз. Көмек ретінде глоссарий, сөздік немесе тезаурусты пайдаланыңыз.
- Сұраққа жауап бергенде немесе тапсырманы орындағанда нақтылыққа көз жеткізіңіз. Егер сұрақ тақырыптың нақты бір аясы негізінде ғана қойылса, сіз де сол шеңберден асып кетпей нақты жауап беріңіз.
- Айтқан немесе жазған сөзіңізді дәлелмен толықтырыңыз. Мысалы, егер сіз өз тақырыбыңыз жайлы сөз қозғайтын болсаңыз, оған қатысты дәлелдеме келтіруіңіз керек.
- Жұмысыңыз тақырыппен байланысты екеніне көз жеткізіңіз. Сіз тақырыпқа қосатын мәселелердің бәрін негізгі оймен байланыстыруыңыз керек.
- Негізгі сөз, идея мен концепцияларды пайдалануға жаттықтырыңыз. Барлық анықтамалар сізге таныс екеніне көз жеткізіңіз. Сонда сіз оларды дұрыс және орынды пайдалана аласыз.
- Зерттелген мәселеге қайта оралып, мазмұнын қайтадан қарастырыңыз. Карточка құрыңыз. Мұны материал мазмұнын түсінгеніңізге көз жеткенге дейін жасаңыз.
- Досыңыз немесе отбасыңыздың бір мүшесімен жұмыс жасаңыз. Зерттелетін мәселе жайлы білгеніңізді тексеруін сұраңыз.
- Қарастырылатын ақпаратты дәйекпен бағалауына көз жеткізіңіз. Оның мықты және әлсіз жақтарына назар аударыңыз.
- Қарастырылатын мәселені дәйекті түрде талдау жасалуына көз жеткізіңіз. Бұл сіздің қарастыратын мәселенің мазмұнын бөліп, оның түрлі аспектілерін, сонымен қатар олардың бір-бірімен байланысын жан-жақты зерттеуіңізді көрсете алады. [9]

Мазмұн бойынша сұрақтар-2

- Жұмысты аяқтаған кезде тірек сөздер, негізгі идеялар мен ақпараттың қолданылуын тексеріңіз. Дұрыс қолдандым ба? деген сұрақ басты орында тұру керек.
- Сабақта алған білімді күнделікті өмірде пайдалануға жаттығыңыз. Оны үйде, мектепте т.б. жерлерде жасауға мүмкіндік табыңыз.
- Тірек сөздер мен негізгі ұғымдар анықтамасын жаттап алыңыз. Досыңыз немесе отбасыңыздың бір мүшесінен сізден оларды сұрап тексеруін сұраңыз. Немесе сөзді карточканың бір жағына, анықтамасын келесі жағына жазып алыңыз. Бұл әдісті өзіңіздің есте сақтау қабілетіңізді тексеру үшін пайдалана аласыз.

- Сабақта тақырыптық аялар арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтауға тырысыңыз. Бұл салыстыруларды өздеріңіздің жауабыңызға енгізіңіз.
- Түрлі ұғымдар арасындағы байланысты ескеріп, бір-біріне қандай ықпал ететінін көрсетіңіз.
- Шығарма жазар алдында шығарманың мақсатын ойластырыңыз. Шығарманың мазмұны сол мақсатқа сай болсын. Ол мақсат пен аудиторияға тікелей байланысты болады.
- Оқулықтың соңында глоссарий құрастырыңыз. Жаңа кездескен сөзді мағынасымен глоссарийге жазып жүріңіз.
- Кездестірген жаңа сөзді келесі үш сабақта қолданыңыз. Бұл жұмыс түрі сөздердің анықтамасы мен қолданылуын түсінуге мүмкіндік береді және есте сақтауды дамытады.
- Шығарманы жазғаннан кейін серіктестеріңізбен оқулық алмасыңыз. Олардың пән бойынша білімдерді дұрыс пайдаланғанын тексеріп, баға беріңіз. Егер қате болса, оны қалай жақсарту керектігіне мысал келтіріңіз.
- Сабақта қарастырылатын мазмұнды басқа сабақта жасалған жұмыс түрлерімен байланыстырыңыз. Осы байланыстарды өз жұмысыңызда көрсетіңіз.

Шеберлік деңгейіне жету

- Жұмысты аяқтағаннан кейін тексеріңіз, оны жақсартудың жолдарын анықтаңыз. Түзетулерді ескере отырып, қайта өңдеңіз. Жұмысыңызды жетілдіру мақсатында аталмыш үдерісті қайта жасаңыз.
- Сіздің ойыңызша қиындық туғызуы мүмкін мәселенің бір аспектісін таңдаңыз. Ол аспектіні негізге ала отырып үнемі тәжірибе жасаңыз. Оның ішіне сабақ та кіреді. Аспектінің басқа мәселелермен өзара әрекеттесуі үшін мүмкіндік табыңыз. Бұл жұмыс сіздің нақты бір мәселе бойынша қиындықты шешуіңізге көмектеседі.
- Х дағдыны қайта-қайта жасаңыздар. Жасап отырған әрекеттеріңізді зерттеп, өз-өзіңізді жақсартуға көмектесетін амалдарды табыңыз.
- Х сұрақ/тапсырманы қайталап жүріңіз. Сіздің жауабыңыздың сұрақ/тапсырмаға қатысын зерттеп жүріңіз. Осы үдеріс арқылы сіз сұрақ/тапсырманың талаптарын жақсылап түсінесіз.
- Әр сабақта сіздің не істеп отырғаныңыз бен оны қалай жасағаныңыз туралы ойланыңыз. Өз ойларыңызды күнделікке жазып отырыңыз. Ол сіздің қалай оқып жүргеніңіз бен осы оқудан қалай көбірек пайда алуға болатынына талдау жасау үшін керек.
- Сіздің жұмысыңыздың сабақтағы оқуға қандай қатысы бар екендігі туралы ойлауға уақыт бөліңіз. Олардың арасындағы байланысты сын тұрғысынан қарастырыңыз. Оны жақсы түсінген жағдайда сіз өзіңіздің оқуыңызды оқылатын пәнге бағыттап аласыз.

- Сабақта алған білімдерді қалай пайдаланғаныңыз туралы ойлаңыз. Қалай? Қашан? Қай жерде? деген сұрақтар басты орында тұруы керек. Аталған сұрақтарға жауап беру арқылы сіздің жұмысыңыздың нәтижесіне көз жеткізесіз.
- Жұмысты аяқтағаннан кейін оны қарап шығып, болашақта сабақта алған жаңа білімдерді қалай пайдалануға, дамытуға болатыны туралы ойланыңыз. Бұл үдеріс сізге білімді жүйелеп, нақтылап отыруға негіз болады.
- Жұмыс мазмұны тақырыпқа қатысты білімге қалай әсер етеді немесе қалай өзгерте алады? деген сұрақ төңірегінде ойланыңыз. Яғни, жұмыс мазмұнының оқушылардың танымдық дағдыларына тигізетін әсерін ескеріп отырыңыз.
- Болашақ жұмысыңыздың идеяларын дамыту арқылы түрлі міндеттерді шешуге жол табыңыз.
- Идеяларды түрлі контекстерде салыстырып, олардың мағынасы мен қолданылуын бір-біріне қарама-қарсы қойып, негізгі идеяның түсінігін арттырыңыз. Бұл айырмашылықтар жұмысыңызда айқын көрінуі керек.
- Оқылған ұғымдарды түрлі ұқсас және ұқсас емес мәтіндерде қойып, олардың мағынасының сақталуын тексеріңіз. Бұл эксперименттер жұмысыңызда айқын көрінуі керек.
- Пәніңіздің негізі болып табылатын идеяларды (оқулықтан, кітаптан, журналдан) қолдана отырып, оқушылар арасынан үлгісін табыңыз. Өз жұмысыңызда пайдалануға болатындай стандарт ретінде қолданыңыз.
- Жұмыс аяқталғаннан кейін оны қайта қарап шығыңыз, сіз қолданған жаңа идеялар мен ақпаратты белгілеңіз. Сіз қолданған стандарт тарапынан сыни дәлелдеме келтіріңіз. Сіз нені жақсы орындағаныңызды, идея мен ақпаратты қалай жақсартуға болатынын анықтаңыз.
- Сіз оқылатын пәніңіздің бағалау критерийлерін анықтаңыз. Яғни, қандай жұмыс түрі қалай бағаланады? Одан кейін өз жұмысыңызды оған сәйкес бейімдеңіз.
- Пәннің талаптарын айқындау мақсатында жұмысыңыздың тиімді әдістерін пайдаланыңыз.
- Оқылатын ұғымдардың сауатты пайдалану жолдарын іздестіріңіз. Олардың көшірмесін жасап, пайдалануға дайындаңыз.
- Жұмысты аяқтағаннан кейін оны қарап шығыңыз да өзгертулер енгізіп, ол арқылы жұмыстың сапасын арттырыңыз. Оны үнемі жасап жүріңіз!

Терең ойлау

- Сіздің мақсатыңыз қандай болу керек? Неліктен?
- Өз жұмысыңызды қалай жақсартар едіңіз? Неліктен бұл әдісті таңдадыңыз?
- Жұмысыңызда қолданған пәндік білімдеріңіздің бәрін жинақтаңыз. Оларды қаншалықты дұрыс, қате қолданғаныңызды түсіндіріңіз.
- Тақырыпқа негізделетін емтихан сұрағын құрастырыңыз. Кейін жауап үлгісін жазыңыз.
- Осы пәннен алған біліміңізді басқа пәндерді оқығанда/келешекте/өз өміріңізде қалай пайдаланар едіңіз?
- Жұмысыңызды бастамас бұрын талқылауға жоспарланған мәселелерді жазып қойыңыз. Бұл нұсқаулықты істеген жұмысты бағалау үшін пайдаланыңыз.
- Жұмысыңызда әр түрлі көзқарас болу мүмкіндігін ескеріңіз. Өзіңізді басқа адамдардың орнына қойып, олардың көзқарастарын салыстырыңыз.
- Келтірген дәлелдемелерді бағалап, олардың мықты және әлсіз тұстарын анықтаңыз. Мысалы, «бұл дәлелдеменің мықты жағы ол ...»
- Пәнге қатысты сын тұрғысынан ойлау дағдыларыңызды дамытыңыз. «Ол қаншалықты нақты? Оны қалай дәлелдеуге болады? Мен қарастыратын деректерге қандай қатысы бар?»
- Сіздің жұмысыңыздың желісі оның ұзақтығына қарамастан басынан аяғына дейін логикалық түрде дамығандығына көз жеткізіңіз. Әр бөлімнің арасы анық және байланысты болуы керек.
- Пайдаланылатын сөздердің дұрыстығын тексеру мақсатында сөздік пен тезаурусты қолданыңыз. Сөз мағынасының контексте дұрыс қолданылуын тексеріңіз.
- Сабақта қарастырылатын идеяларды шынайы өмірмен байланыстырыңыз. Мысалы, теледидардағы жаңалықтар, адамдардың мамандықтары.
- Қарастырылатын мәселелерді мүмкіндігінше жеке бөлімдерге бөліп, оларды рет - ретімен талқылаңыз.
- Сұрақтың ішіндегі негізгі сөздерді (әрекет жасауға қатысты сөздер, яғни, талдайтын, зерттейтін, қарама-қарсы қоятын) анықтап, осы сөздер қойған талаптарға сәйкес жұмыс жасаңыз.
- Қарастырылатын тұжырымдамаларға қатысты мәселелерді құрастырыңыз. Өз жұмысыңыз арқылы олардың мағынасына қарсы нені келтіруге болатынын көрсетіңіз. Мысалы, «еркіндік» сөзінің мағынасы әртүрлі себептермен әр түрлі қолданылады.
- Жұмыстың соңында неліктен солай жауап беруіңізге нақты дәлелдеме жазыңыз. Толық, нақты жауап беріңіз. Егер осының салдарынан жұмысты қайтадан жазу керек болса – қайтадан жазыңыз!
- Жұмысты аяқтағаннан кейін тақырыпқа негізделген кеңейтілген сұрақ жазыңыз. Одан кейін сұраққа жауап беріңіз.

- Талқылаған түрлі тұжырымдамаларды бір-бірімен салыстырыңыз. Олардың арасындағы байланыстарды анықтап, бір-бірімен үндесетінін немесе қарама-қайшы келетінін дәлелдеңіз.
- Жұмысты аяқтағаннан кейін тақырып бойынша жауап білгіңіз келетін 2-3-сұрақ құрастырыңыз. Үйде жауаптарыңызды зерттеңіз. [11]

Өзін-өзі бағалау

- Жұмысты аяқтағаннан кейін жұмысыңызды тексеріп, оқыту мақсаттарының болуын бағалаңыз. Егер болса, қандай екендігін түсіндіріп, жоқ болса, түзетіңіз.
- Аяқтағаннан кейін жұмысыңызды тескеріңіз (сауатты жазу, пунктуация, мәні бар ма). Қажеттілік болса өзгертулер енгізіңіз.
- Жұмысты аяқтаған кезде тақырыптың негізгі аспектілерін анықтап, түзету мен қарастыруды талап ететін аспектілерді анықтаңыз. Оларды жазып, келесі мүмкіндік болған кезде пайдаланыңыз.
- Жұмысты аяқтай отырып, жауап алғыңыз келетін сұрақтар тізімін жасаңыз. Жауаптарды үйіңізде немесе келесі сабақта табыңыз.
- Жұмысыңызды орындап, соңғы жұмысыңызбен салыстырыңыз. Қаншалықты жақсартқаныңызға көңіл бөліңіз.
- Жұмысты аяқтап, оны алдыңғы жұмыспен салыстырыңыз. Ортақ қателерін тауып, оларды жақсартуға керек аймақ деп белгілеңіз.
- Жұмысты аяқтағаннан кейін тексеріп, жақсы жасалған 3 мәселе мен жақсартуға келетін 1 мәселені анықтаңыз. Келесі жұмыста оны мақсат етіп алыңыз.
- Жұмысты аяқтай отырып, оны дауыстап оқыңыз. Жұмыстың мәні бар ма? деген сұрақ төңірегінде ойланыңыз. Керек жағдайда өзгертулер енгізіңіз.
- Жұмысты аяқтаған кезде түсті қалам алыңыз. Жақсы жасалған жерлерді бір түспен, түзетуге келетін мәселені басқа түспен белгілеңіз.
- Жұмысты аяқтай отырып, оны сын тұрғысынан қарап шығыңыз. Бұл – жұмысты жақсарту жолдарын белсенді түрде іздестіргеніңіздің белгісі. Жасап болғаннан кейін жұмысыңызды қайтадан көшіріп жазыңыз. [11]

Табысты ұсыну

Оқушылардың өздері жасай алатын жұмыстардың маңыздылығын ескеріп, табысқа жету жолындағы бағалауды қолданудың амалын табыңыз.

- Тараулар арасында оқытуды біріктіріңіз.
- Оқыту журналын қолданыңыз.
- Өткен мақсаттарға оралып, оқушылардың жақсы меңгергенін анықтаңыз.
- Оқушылардың алға жылжу артықшылығын көрсету үшін міндет диаграммасын жүргізіңіз.
- Оқушылардың мақсатты тұжырымдауы мен бағалауды біріктіріңіз. [11]

Оқушы жұмыстарын жақсарту мақсатында дайын ұсыныс ретінде қолдануға ұсынылады.

Берілген материалдар кері байланыс орнату кезінде дайын шаблон ретінде қолдануға ұсынылған.

КЕРІ БАЙЛАНЫС ОРНАТУ ЖОЛДАРЫ

Сұрақты өзгерту

Тура жауапты қажет ететін сұрақтың орнына нақты дәлелді талап ететін сұраққа өзгертіңіз. Мысалы, «Франция демократиялық ел ме?» сұрағын «Демократиялық ел болудың маңызы неде?» деп өзгертуге болады.

Х пен Y

Оқушылардан X неліктен Y мысалы болатындығын сұраңыз.

Мысалы: Неліктен біз жеміске мысал келтір дегенде алманы атаймыз?

Неліктен түлкі сүтқоректілердің мысалы?

Осы сияқты сауалдар нақты жауапқа негізделмейді, ал дәлелденген жауапты көздейді.

Сен білетіннің барлығы

Оқушылар тараудың басында _____ жайлы білетіндерін жазады.

Мұғалім білетін білімдеріне сүйеніп, қайталау жасамай оқыта алады.

Түзетулер

Сізге көрсеткенге дейін оқушылар өз жұмыстарына түзетулер жасайды. Мұғалім түзету барысында жасалған өзгертулер мен комментарийлерге дәлелдеме ретінде көңіл бөлетіндігін баса айтуы қажет. Ол үшін мұғалім уақыт беруі тиіс.

Сөздерді талқылаңыз

Талқылауға кілтті сөздерді таңдап, оларды мұқият қарап шығыңыз.

Олардың қалай қолданылатындығын талқылаңыз.

Түсініксіздері бар ма? Бұл сөздер барлық жерде бірдей қолданыла ма?

Коммуникация

Оқушыларды өз ойларын түрлі тәсілдермен жеткізуді сұраңыз – хат, сурет, қойылым, карта, мүсін және т.б. арқылы.

Тасымалдаушы құрал – бұл хабарлама. Белгілі бір дәрежеде қарым-қатынастың қалай болатындығы жайлы суреттейді. Басқа тасымалдау құралдарын қолдана білу мұғалімдердің оқушылар түсінігін түрлі жағынан көруіне көмектеседі.

Ойластырылған диалог

Мұғалім мен оқушы арасындағы диалог барлық оқушылар өз ойларын айта алатындай, түсінігін оятып, анықтай алатындай ойластырылған, рефлексиялық, бағытталған болуы керек. Оқушылармен сұхбаттасу сапасын талқылап, мақсатын айқындап, қандай жағдайда жақсартуға болатынын сұраңыз.

Бұл неліктен ең жақсы?

Үй жұмысына оқушылардан олардың ең жақсы жұмысын табуды сұраңыз және оларға бұл жұмыстың неліктен ең жақсысы екендігін айтып беруді сұраңыз.

Белсенді оқушылар

Оқытуды бағалаудың негізі болып белсенді оқушылар, оқуға шоғырланған қатысушылар болып табылады. Мазмұны мақсаттарға ықпал ететін тәсілдер туралы ойлаңыз. Егер мазмұны қызықсыз болып көрінсе, қызықты және көңілді тәсілдерді ойластырыңыз.

Ұзақ және қысқа мерзімдер

Үдерісті үлкен суретпен сәйкестендіру үшін оқушылар қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді мақсаттар қоя алады.

Қысқа мерзімді жоспарларды апта сайын немесе әр екі аптаның ішінде, ал ұзақ мерзімді мақсаттарды тоқсанның аяғында қарастыруға болады.

Ұзақ мерзімді мақсаттың болуы мұғалімдер мен оқушылардың қысқа мерзімді мақсаттарына деген сенімділіктерін арттырады. Осыған орай оқушыларды пәнге деген уәжін арттыратын нақты нәрселерге назар аудартыңыз.

Минуттық қағаз

Сабақтың өн бойында оқығанды естеріне түсіріп, ең негізгісін (пайдалысын, ұқсамайтынын, маңыздысын) анықтап, ол туралы бір минут уақыттың ішінде жазады.

Сұрақтарға өтінім

Сабақта ойланудың жоғары деңгейін ояту үшін өтінімдерді қолдан.

Мысалы:

Австралия қаншалықты демократияланған ел?

Біздің мектебіміз неліктен басқа жерде орналаспаған? [8]

Бір сөйлемді қорытындылау

Оқушылар тақырып бойынша алған білімдерін жинақтау үшін бір сөйлем жазады.

Сөйлем Кім? Не? Қашан? Неге? Қалай? Қайда? сияқты сөздерден құрылуы тиіс.

Содан кейін бұл сөйлемдерді құрдастарымен салыстыруға, қайта көшіруге, қайта құруға болады.

Ең түсініксіз

Оқушылар 1-2 түсініксіз болған жағдайды жазады. Бұл орындалған жаттығудың бөлігі немесе өткен сабақтағы материал болуы мүмкін. Содан соң мұғалім оқушылармен тығырықтан шығу жолын қарастырады.

Сын-пікір- Сэндвич

Пікір оқушылардан әртүрлі амалдармен алынады, пікір-сэндвич дегеніміз А) Жағымды комментарий.

Жақсартуға болатын сындарлы сын.

Ә) Мәнмәтіндік көзқарас – *Маған ұнады... Неге десеңіз...*

Қазір/Келесі жолы...

Интербелсенді көзқарас (мысалы, жұмысқа негізделген сұрақ).

Сенімен бірге басқа оқушылардың арасында жұмысты жақсартатын не және оған қалай жету керек? Ол үшін мына сұрақтарды қолданыңыз:

Жұмысты не жақсартатынын айта аласыңдар ма?

Комментарийлер жөнінде не айтасың?

Сен әрқашан не істеу/ойлау керектігін білесің бе?

Жұмысыңды қашан жақсы істегеніңді білесің бе?[10]

Өзін –өзі бағалау

Өзін-өзі бағалау – біздің қалай оқитынымыз туралы білім, өзін-өзі бағалау біздің нені оқуымыз. Өзін-өзі бағалауды жаттықтыру үшін мынадай сұрақтарды қолданыңыз:

- Оқу басталғанда не болғанын ойлаңыз.
- Сені не ойландырды?
- Саған не қиын болды?
- Қай жерде көмек керек болды?
- Саған не ұнады?
- X туралы жаңадан не білдің?
- Басқа сыныпта қолдану үшін білім беру сабақтарын қалай өзгертер едің?

Мұғалім сұрақтың жауаптарын оқушыларға өздерін бағалаудың үлгісі ретінде көрсете алады.

Қай сұрақ «жақсы»?

Оқушылармен сұрақты не жақсартатындығы жайлы талқылаңыз. Бұл үдеріс ашық және жабық сұрақтардың айырмашылығын көрсетеді. Содан кейін тақырып бойынша сұрақтар ойлап, оны талқылау барысында қайсысы жақсы екенін шешеді. [12]

Оқушыларды өздерін бағалауға көмектесетін графикалық органиайерлерді қоданыңыз.

Webs

- Useful in organising ideas
- Place the major topic in centre
- Similar to "mind map" or "concept map"

It can map the learning at beginning or end of module. The pupils see the key areas which they have identified or missed. It support the development of linking ideas and elements.

Triangles

- pupils place knowledge and feelings in different areas e.g. what I have seen, heard and done which has helped me learn
- inter-connecting senses and emotions

The organiser is used to breakdown certain types of learning. There are 4 sections to be used creatively. It can support the WAK ideas: pupils can add questions they would like to ask; it can help the pupil to think ahead to what else they would like to learn or remember to do next time

Venn diagram

- useful for comparing and contrasting
- shows interrelations between two elements

Pupils use the venn diagram to re-arrange information in order to reveal to themselves more clearly similarities and differences. In placing key information on the diagram the pupil is more likely to understand their pattern of learning

Ladder

- Useful for ranking, prioritising, identifying areas of clarity and locating unsure ground

It can help the pupil come to a decision by involving her in placing learning in a ranking order – which was most important? which have I really understood best?

PMI diagram

Pie graph for plus, minus and interesting elements of the work
Developed by Edward de Bono

- Encourages pupils to identify what has worked and not worked for their learning
- It can also be drawn as a table

plus	minus	interesting

All these are taken from
<http://www.aaia.org.uk/pdf/Publications/AAIAformat4.pdf>
 (page 19)

[13]

БББ кестесі

Тақырыптың басында оқушылар үш бағаналы тор көз жасайды.

Білемін;

Білгім келеді;

Білдім.

Олар ойланады және бірінші екі бағанды толтырады, содан кейін үшінші бағанға бөлімнің соңында оралады.

Нұсқау – қосымша баған “Сен қалай оқытар едің?”

Не білгім келеді?	Не білдім?	Сен қалай оқытар едің?

Серіктесіңмен сөйлес

Сабақты бастамас бұрын өткенді қайталау үшін оқушылар серіктестерімен

- Үш оқылған жаңа нәрсе
- Оларға не жеңіл болды
- Оларға не қиын болды
- Болашақта олар қалай оқығылары келетінімен бөліседі.

Стикерлер

Оқытуды бағалау үшін стикерлерді қолданыңыз.

Оқушылар топпен, жұппен немесе жеке жауап береді:

- Мен не оқыдым?
- Маған не жеңіл болды?
- Маған не қиын болды?
- Қазір не білгім келеді?

Тақырып бойынша нақты ақпарат жазуын қадағалаңыз.

Серіктесіңнен сұра

Оқушылар жұптары мен серіктестерінің жұмыстарын талқылауды, пікір айтуды ауызша жүргізеді, яғни бағалайды. Жұмыс тиімді болу үшін оқушылар оқу мақсаттары мен табыс критерийлерін білуі керек. Сонымен қатар олар оқу мақсаттарына оң және сындарлы пікір ұсынуы арқылы бір-бірінің рөлін бағалауы керек.

Жұмысты бітірген оқушыларға сұрау үшін сұрақ үлгілерін беруге болады.

Қолыңды көтер

Оқушыларға қолдарын сұраққа жауап беру үшін емес, сұрақ қою үшін көтеру керектігін айтыңыз. Мұғалім барлығының түсінгенін білу үшін жауап беретін оқушыны таңдайды.

www.classtools.net – жеміс машинасының бағдарламасы, кез келген оқушыны таңдау үшін аттарын енгізу, сақтау және қосу.

Мұз кәмпиттің таяқшасына есімдерін жазып, кез-келгенін суырып алыңыз. Есімі шыққан оқушы сұраққа жауап береді.[14]

Жақсы сұрақтың негіздері

Неге...?

Егер де...?

Сен қалай ойлайсың...?

... түсіндіре аласың ба?

... не болады?

Оқуды бақылау

Сыныпты аралап жүріп мұғалім оқушылар тапсырманы орындау кезінде оқыту туралы ақпарат жинайды, әртүрлі оқыту стратегияларын енгізеді, керек жерінде түзетулер енгізеді.

A, B, C, D

Әрқайсысында A, B, C, D нұсқалары болатын төрт карточканы үлестіріңіз.

Төрт нұсқасы бар сұрақ қойыңыз, оқушылар өздерінің жауаптарын көрсетеді.

Басқа біреудің жауаптарын қайталамас үшін оларды бір-біріне қарамайтындай етіп отырғызыңыз.

Көрсет және айтып бер

Әр оқушы жауапты тез жазып немесе суретін салып сізге көрсету үшін шағын тақталарды қолданыңыз

Топ қажеттілігі мен үміттерінің түсініктемесі (Үміт ағашы 1-бөлім)

1. Мұғалім сабақты барынша тиімді құру үшін қатысушылардың не күтетінін анықтап алу қажеттігін хабарлайды;
2. Мұғалім топты 3 шағын топқа (ерікті түрде) бөледі;

3. Қатысушылар шағын топта «алма»-карточкаға сабақтан күтетін 5-6 үмітін жазады.
4. Топтар өздерінің не күтетінін көрсетеді, мұғалім олардың карточкаларын «алма ағашына» орналастырады.
5. Мұғалім үміттерінің барынша ақталуы үшін жұмыс ережесін жасауды ұсынады.

Қорытынды шығару (Үміт ағашы 2-бөлім)

1. Қатысушылар сабақтың қорытындысын шығарады және орындалған үміттердің «жемісін» жинайды.
2. Егер кейбір «жемістер» әлі де ілулі тұрса, мұғалім олардың неге қалып қойғандығына, басқаша не істеуге болатындығына байланысты сөз қозғайды.

ҚОЛ


Әр қатысушы қағазға қолдың суретін салады. Әр саусақ бағаны білдіреді.

Бас бармақ – керемет болды, маған ұнады!

Балаң үйрек – әлі де мән беру керек.

Ортан терек – маған бұл мүлдем ұнамады.

Шылдыр шүмек – бұл жердің атмосферасы ... болды. Кішкене бөбек – маған ... жетпеді.[15]



Бәрі менің қолымда!

Уақыт: түсіндіруге 5 мин, жеке жұмысқа 10-20 мин, «көрмені» тамашалауға 15 мин, жазуға, сұрыптауға, карточка мазмұнын жалпылауға 30 мин.

Материал: барлық қатысушыларға қағаз, карточкалар (түрлі түсті), әр қатысушыға фломастер, кнопкалар немесе скотч.

Өтуі:

*Жұмыс қорытындысын бағалауға арналған сұрақтар саусақтар арқылы білдіріледі:

- Бас бармақ – бұл тақырыпты мен әлі де қарастырар едім;
- Балан үйрек – маған бұл жерде тапсырма нақты берілді;
- Ортан терек – маған бұл ақпарат мүлдем түсініксіз;
- Шылдыр шүмек – психологиялық атмосфера;
- Кішкене бөбек- маған ... жетпеді.

Оқушылар қағаз бетіне қолдың суретін жиектеп салады, әр саусақтың қасына сұрақтар жазады, жиектің ішіне сол сұрақтың жауабын жазады. Кейін қағаздар «көрмедегідей» ілінеді де, барлық қатысушыларға жалпы қарастыруға, танысуға уақыт беріледі. Бас бармаққа нені түсінгенін, нақты материал бойынша жазады.

Балықтар

Қағаздан әр түрлі көлемде балықтар қиылады. Оқушылар оған 2 сұрақ бойынша ойларын жазады:

- Мен ұстап алған және өз ауымда қалдырғым келетін балықтар (идеялар, қорытындылар, жаңалықтар).
- Мен ұстап алған және босатып жібергім келетін балықтар (ойлар, көңіл күй, қағидалар).

Мұғалім арқаннан немесе басқа материалдан ау жасайды. Әр қатысушы өз карточкаларын оқиды немесе ауға жинайды, не болмаса суға жібереді (едендегі аудың қасындағы кеңістік). Әр қатысушыға берілген карточкалардың саны шектеулі емес.

Сатылым

Қатысушылар сөмкенің суретін салады. Онда олар сол күні алынған білімдерін, көңіл-күйлерін, танымдарын т.б жазады. Қатысушылар басқа қағазға келесі күндерде алғылары келетін «азық-түліктің» тізімін жазады.

Су таразысы

Бөлменің ортасында орталай су құйылған «+», «-» белгісі бар ыдыстар қойылады. қатысушылар кезекпен келіп, жұмысқа, жаттығуға өз бағаларын айта отырып, «-» белгісі бар ыдыстан «+» белгісі бар ыдысқа су құяды. Не болмаса керісінше.

Жұпта толтыр

Бағандарға тақырып бойынша ойыңызды білдіріңіз, бұл тәжірибеге қатысты әсеріңіз бен талдауыңызды жасаңыз. Интерпретация жасаңыз.

Сіздің ойларыңыз	Серіктесіңіздің пікірі
Мәтін	Мәтін

Есімдер жазылған конверттер

Сабақ аяқталуына 1 күн қалғанда мұғалім есімдер жазылған конверттерді белгілі бір жерге қояды. Әр қатысушы басқаларға (мүмкіндігінше әрқайсысына) тақырып бойынша бір сұрақ жазып, конвертке салады. Мұғалім конверттегі тілектер саны мен қатысушы санының сәйкестігін қадағалайды. Конвертті жапсырып, бағытталған адамға тапсырады. Оқушы ашып өзінің ойын жазып қайта береді.

Бағалаушы сұхбат

Сабақтың барысын еске түсіріңіз. Келесі сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Алған білімді қай жерде қолдануға болады?
2. Берілген тақырыптардың қайсысы бойынша қосымша ақпарат алғыңыз келеді?
3. Бізге сабақты қалайша жақсартуға болады?
4. Бұл сабақта неге үйрендім?
5. Сабақ соңында менің кәсіби қызметім өзгереді ме?

Жоспарланбаған жағдайда өзімді қалай ұстадым

Мінез-құлық стратегиясы және нәтижесінде не болды, жағдайдың, мінез-құлықтың талдауы, әрекеттегі, әсерлеріндегі заңдылықты іздестіру.

1. Менің міндеттерім және армандарым. Жазылған міндеттер армандап жүрген мақсатыма қалай қол жеткізді?
2. Менің міндеттерім және мақсаттарым. Ұзақ мерзімге қойылған мақсаттарыма қалай жақындадым?
3. Менің жаңалықтарым. Мен үшін не жаңалық болды және маған қалай әсер етті?
4. Күн жетістігі және ол ненің есебінен жүзеге асты? Мен неден қанағат табамын және оған қол жеткізуге не көмектесті: табандылық, байланысты тиімді қолдану, идеяларды ойластыру техникасы?
5. Не жоспарланды? Орындалмай қалған жоспар қайсы? Себептер? Жоспарлаудағы кемшіліктеріммен қалай жұмыс істеу керектігін ойлану үшін талдаймын.
6. Күн цитатасы. Маған әсер еткен оқылған, көрілген, естілген ақпарат.
7. Персонаждар. Адамдар, кейіпкерлер, менің қасымдағылар, мені қолдағандар, әлемге, өзіме басқаша қарауға мүмкіндік бергендер.
8. Идеялар (идеялар күнделігі). Басыма келген идеялар.
9. Маған не күш берді?
10. Мен ... сезіндім. Қайта ойлаудан, талдаудан өткендер.
11. Бүгінгі күнгі көңіл- күйім (көңіл- күй күнделігі).
12. Нені жетілдіру керек? Өткен ойлардан шығады.
13. Күш қайда жұмсалды? Жұмыс уақыты мен орындалған жұмыс сәйкестігі. [6]



Стикердегі сұрақтар

Бұл тәсіл сабақта тиімді. Біз оны былай қолдандық: алдымен мұғалім берген мәтінмен таныстық, Кім? Не? Қайда? Қашан? Қалай? Неліктен? деп басталатын сұрақтар құрастырып, стикерлерге жаздық. Кейін бұл сұрақтарды қиындығына қарай А4 форматтағы параққа топтастырып орналастырдық. Содан соң күрделілігіне қарай біртіндеп сұрақтарға жауап бердік. Өткізілу формасын өзгертуге болады, стикерлерді тақтада Кім? Не? Қашан? Қайда? Қалай? Неліктен? деген топтарға жинастыруға болады. Оларға жауап беріледі. Сынып белсенділігі арта түседі, мәтін терең қарастырылады, ақпарат естерінде қалады. Бәрі бағаланады.

«Плюс», «Минус», «Қызықты»

Семинар тақырыбы бойынша жұмыс жасау үшін әр кіші топқа 3 бағанды плакат беріледі, оған мәселенің оң (+), теріс (-) жақтары келешекте қолдануға болар «қызықты» жақтары жазылады. Топтардың жұмысты әрі қарай талқылауы мәселені талдауға, нақты мәселелерді шешудегі басымдықтарды анықтауға мүмкіндік береді.

Өзіме хат

Бұл сабақты бағалаудың қызықты тәсілдерінің бірі. Бірақ уақыт пен құралды қажет етеді. Мұғалім барлық қатысушыларға өздеріне хат жазуға ұсыныс тастайды. Оны мынандай сөздермен бастау керек: «Қымбатты! Мен жаңа ғана бойынша сабақта болдым». Хатта қатысушылар мына 2 сұрақты қарастыру керек: 1) сабақтан үйренгені; 2) осы тақырып бойынша мысалдары. Хат соңында міндетті түрде аты- жөні мен мекен-жайы жазылады. Шамамен 10 минуттан соң мұғалім барлық хаттарды жинап, сабақты аяқтайды. Бір күннен соң модератор хаттарды мекен-жайлары бойынша иелеріне жібереді. Мұндай хатты алған соң өткен сабақты елестетеді, сабақтан соң жүзеге асырмақ болған жоспарларды еске түсіреді.

Топтық поэма

Материал: әр қатысушы үшін қағаз парақтары және фломастер.

Қатысушылар қағаздың жоғарғы оң жақ бөлігіне аты-жөндерінің бастапқы әріптерін жазады. Әр қатысушы қысқа өлең жолын жазады, поэма сол жолдардан жалғасын табады. Содан соң парағын сол жақтағы көршісіне береді. Ол өз кезегінде бір жол қосады. Осылайша әрқайсысы бір-бір жолдан жазып шығады. Кейін аяқталған поэма алғашқы иесіне беріледі. Поэма жазылып болған соң, өзіңіздікін оқып шығыңыз. Дауыстап оқығысы келетіндерге оқуға болатынын ескертіңіз.

ЖҚБА

Бұл тәсіл қатысушылардың әсерін келесі сұрақтар бойынша тез анықтауға жағдай жасайды. Олардың бастапқы әріптері түсініксіз сөзді құрайды.

Жақсы...

Қызықты...

Бөгет жасады...

Алып кетер едім...

Әр қатысушы мүмкіндігіне қарай бұл сұрақтарға шынайы жауап берулері керек. Ол сабақ жұмысының нәтижелілігін арттыра түседі. Не түсінгеніне есеп береді.

Топтағы сұхбат

Оқушылар топтарға бөлінеді. Кейін модератордың сұрақтарына сүйене отырып, аяқталғалы жатқан сабақтан алған білімдері мен сөз тіркестері арқылы бөліседі. Барлық айтылған ойлар плакатта кілт сөздермен жазылып алынады. Одан соң бұл нәтижелер жалпы талқылауға түседі. Есте сақтап интерпретация жасауға көмегі болады.

Кері байланыс парағы

Модератор қатысушыларға кері байланыс парағын тарата отырып, берілген сұрақтарға жауап берулерін өтінеді. Сабақ қатысушыларына сауалнама түріне қарай белгі қоюға немесе жауаптарын жазу ұсынылады. Сұрақтар қарастырылып жатқан тақырыпқа қатысты да болуы шарт, қатысушыларға ойларын анықтап алуға жағдай жасайды. Сын жазылған сауалнамалар кіші топтарда бір-бірімен салыстырылуы мүмкін. Жауап табуға мүмкіндік берілсе абзал.

Дабыл карточкалары

Сабақ бойы қатысушыларда әр түрлі мәні бар және қатысушының білім алу үдерісінің барысын өзгертуге хабар беретін карточкалар болады. Бұл карточкаларды кез-келген уақытта қолдануға болады. Олардың түстерін сұрақ күрделілігіне қарай алмастырып отыруға болады. Мұғалім сабақ барысын тоқтатып, топпен карточка сұрауы бойынша сабақ жалғасын жобалау қажет.

Мәселелер стендісі

Сабақ барысында қатысушыларға идеяларын, наразылықтарын, мәселелерін жаза алатындай 3 стенд (плакат) қызмет жасайды. Ойларын жеткізгісі келетіндер ойларын параққа жазып, тиісті стендке жапсырады. Басқа нұсқасы – ойлар кірпіш тәрізді қағаздарға жазылады, стенд «Ойлар қабырғасы» деп аталуы мүмкін. Стикерлерге сабақта өтіліп жатқан немесе түсініксіз болған сұрақтар да жазылуы мүмкін.


4+1 бәрі үшін

Сабақ соңында 4 қатысушы топ өкілдері ретінде бір-бірімен алған әсерімен бөліседі. Пікірталасты жағалай қойылған орындықтарда отырып жүргізеді. Қалған қатысушылар оларды жағалай отырады. 4 білімді қатысушының ортасына 5-орындық қойылады. Ол орындыққа әңгіме барысында сыртқы шеңберден 4 қатысушы айтпай кеткен мәселені айтқысы келетін қатысушы отыра алады. 4 қатысушы тақырып бойынша әңгімелесіп болған соң, қалған қатысушылардың ортасына отырады.

Сабақтың табыстылығын бағалау - «Нысана»


Бағалаудың бұл түрін семинар немесе қандай да бір шараны өткізгеннен кейін қолданады, дегенмен балалар сабақты бағалау үшін де пайдаланады. Әр қатысушы нақты бір көрсеткішке баға қоя отырып, нысананы 4 рет атауы қажет. Бағалау мақсатына байланысты көрсеткіштер өзгертілуі мүмкін. Яғни егер үш көрсеткішті бағалау керек болса, нысананы үшке бөлу керек.

Қызықтылығы



Жалпы пайдалылығы мен практикадағы қолданысы

«Нысана» сауалнама бланкісінің керісінше байланысы



мұғалім ісінің бағасы /оқушы ісінің бағасы/өзін-өзі бағалау

Сабақтың табыстылығын бағалау - «Шаршы»

Мұғалім _____
Орны _____ Күні _____

Сабақтан не күттіңіз?	Сіз қандай ақпарат алдыңыз?
Алынған ақпараттан сіз үшін не маңызды? Нені пайдаланасыз?	Сізге тағы не қажет?

«ДЕЛЬТА-ПЛЮС»

Қорытындылаудың ең оңай түрі - бұл «Дельта-плюс» (B+) тәсілін қолдану. Ол үшін:

«+»: сабақтың тиімді жақтары бойынша сұрақтар беріледі (Сабақта немесе жолдастарыңның жұмысында не ұнады? Бұл жұмыстың немесе сабақтың күшті жақтары қандай? Өз жұмысында нені қолданар едің?);

«Б»: содан кейін жұмысты басқаша өткізу немесе өзгерістер енгізу туралы пікірлер айтылады (Бұл сабақта нені өзгертуге болар еді? Нені басқаша жақсарту істеуге болады?);

«Дельта-плюс» пікірталас мәдениетіне үйретеді, әлсіз сабақтың жақсы жақтарына көңіл бөлуге, ұстаздың немесе жолдастарының кемшіліктерін тура сынға алмауға көмектеседі.

Төменде сұрақтардың бірнеше түрлері берілген.

Алған білім бойынша берілетін жалпы сұрақтан басқа (Жаңадан не білдіңіз?) (Блум таксономиясымен) мұғалім келесі сұрақтарды беруіне болады:

Ойланбай тез жауап беруге болатын нақты сұрақтар (Үкіметтің үш тармағын атаңыз)

Түсіну сұрақтары (Үкіметтің бөлінуі не үшін қажет екенін түсіндір)

Қолдану сұрақтары (Үкіметтің бөліну теориясын мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын ұйымдастыруда қалай қолдануға болады?)

Тереңдетілген сараптама сұрақтары (Үкіметтің үш тармағы арасындағы айырмашылық неде?)

Шығармашылық, талдау сұрақтары (Үкіметтің бөліну теориясынан басқа үкіметті басқарудың қандай негізгі принциптерін ең маңызды деп санайсыз?)

Бағалау сұрақтары (Үкіметтің бөліну теориясының әлді және әлсіз жақтары қандай?)

Қалыптасқан дағды/білік бойынша ұстаздың келесі сұрақтарды беруіне болады:

Қандай дағды/білікке үйрендіңіз?

Не пайдалы болды?

Бұл дағды/білікті меңгеру үшін не істеу керек?

Бұл дағды/білікті өмірде қалай қолданасыз?

Қалыптасқан қарым-қатынас және құндылықтар бойынша:

Сабақта қандай құндылықтар туралы сөз қозғадық?

Адамның мінез-құлқына осы құндылықтардың қайсысы қатты әсер етеді?

Осы және басқа құндылықтарға сіздің көзқарасыңыз қандай?

Бұл сабақтың басқа тақырыптар және пәндермен байланысы бойынша:

Бұл сабақтың меңгеруге көмегі қандай?

Бұл жаттығу қалайша байланысқан?

Сабақтың сапасы бойынша:

Бүгінгі сабақта не сәтті болды?

Не ұнады?

Осы сабақты қайта өткізсем нені өзгертер, жақсартар едім?

Сабаққа дайындық барысында мұғалім және оқушы тарапынан қандай кезеңдерді ескеру қажет?

Мұғалімдерге оқушының рөлін ойнау және жаттығу сабақтарға қатысу жиі ұсынылады. Мұндай жағдайда *сабақты қорытындылаудың екі жақтылығы* қарастырылады: алдымен оқушының рөлінде- сабақтың немесе жаттығудың ішінде, содан соң мұғалім рөлінде – сабақтан тыс уақытта.

Сабақты қорытындылаудың екі жақтылығына арналған сұрақтар:

Сабақтың тақырыбы және мақсаты қандай?

Сабақтың қандай кезеңдерін бөлуге болады?

Қандай әдіс-тәсілдер қолданды?

Берілген тақырыпты бұл сабақ қалай ашты?

Жаттығулар қаншалықты сәтті болды?

Сабақ өз мақсатына жетті ме? Сабақтан күтілетін нәтижелерді тағы бір атаңыз. Нәтижеге жеткеніңізге сенімді болу үшін сізге қандай дәлелдемелер қажет?

Бұл сабақта сізге ұстаз ретінде не ұнады? Сабақтың әлді жақтары қандай? Сабақтан қандай бағалы білім мен дағдылар алынды?

Нені өзгертуге, жақсартуға болар еді? Немесе ұқсас сабақ өткізу кезінде қандай қиыншылықтармен кездесуіңіз мүмкін? Ненің болмай қалуы мүмкін? Қате болдырмау үшін не оны түзету үшін не істер едіңіз?

Бұл сабаққа нәтижелі қатысу үшін оқушыға қандай білім, білік, дағды қажет? Бұл сабаққа оқушыны дайындау үшін не істеу керек?

Құқықтық білім бағдарламасында бұл сабақ қандай орын алады?

Шақырылған мамандарды сабақта қалай пайдалануға болады?

Қандай келесі сабақ/шара/тапсырма/жаттығу сабақтың нәтижесін арттырады? [7]


«Менің жақсы және жаман көшбасшылық күнім»

Мектептегі сіздің жақсы және жаман көшбасшылық күніңіздегі оқиғаны қысқаша жазыңыз. Бұл ісіңіз өмірдегі көшбасшылыққа қалай көмектеседі?	
жақсы көшбасшылық күн	жаман көшбасшылық күн

«Менің суретім»

Мақсаты: сабақты қорытындылау.

Нұсқаулық: 5 минут ішінде бүгінгі күн туралы ойларыңызды сурет түрінде көрсетіңіздер. Суреттің қандай түрде болуы маңызды емес, маңыздысы ол суретте бүгінгі күннің көрінісі бейнеленуі қажет. Суретте сабақ мазмұнына қатысты идеялар да айтылуы тиіс. Содан соң әр қатысушы өз суреті бойынша сөйлеп түсіндіреді.



«ГАМБУРГЕР»

«ГАМБУРГЕР» әдісі тақырыптың ең негізгі кезеңдерін, кілт сөздерін түртіп алудың жазба әдісінің бірі. Негізгі тезис, нақты толық тезис, қорытынды сөйлем тақырыптың негізгі элементтері болып табылады және осылардың әрқайсысы гамбургердің бір бөлігін құрайды. Әр бөлікке сабақтан алған ақпарат жазылуы керек. Соңғы бөлімдеріне ойында қалған сұрақтарын жазуға болады.

Нәтижені қорытындылау

Жаттығу тренингті қорытындылау үшін пайдаланылады, оқығанды еске түсіруге мүмкіндік береді, алған білімді өмірде қалай қолдануды ойландырады.

Қажетті құралдар: А3 форматты қағаз, қарындаштар, фломастерлер.

Уақыт: 20 минут.

Барысы: барлық қатысушылар шағын топтарға бөлінеді және әр топқа А3 форматты қағаз бен тапсырма беріледі. Бірінші топ тренингте қарастырылған негізгі кезеңдер туралы сөз дайындайды. Екінші топ алынған ақпаратты өмірде барынша қолдану туралы кешендік әдіс дайындайды. Үшінші топ алынған ақпаратты өмірде қолдануда қандай қиыншылықтар тууы мүмкін және оларды шешу жолдарын қарастырады. Идеяларын талқылап, топтарға түсіндіру үшін дайындыққа 10 минут уақыт беріледі. Ойларын схема, сурет, т.б. түрде түрту үшін А3 қағазын пайдаланады.

Сосын әр топтан бір адам шығып өз ойларын басқа топ мүшелеріне таныстырады.

Пікірталас: әр топ басқа топ ойларымен келісетінін не болмаса келіспейтінін, неге «иә», неге «жоқ» екенін айтады.

«ТЕЛЕФАКС»

Мақсаты: тыңдау қабілеттерін арттыру.

Бұл жаттығу «Сынған телефонға» ұқсайды.

Уақыт: 15 минут.

Дайындық: берілген қағазға қиын емес бірнеше сурет салыңдар. Мысалы: ағаш, гүл, үй, балық.

Ойын кезеңдері:

1. Қатысушылар алты-сегіз ойыншыдан тұратын топтарға бөлінеді. Топ мүшелері бір-бірінің артынан желкесін бере орындықтарға немесе жерге отырады. Бірінші ойыншы таза қағаз бен қарындаш, ал соңғы ойыншы суреті бар карточка алады. (бұл суретті одан басқа ешкім көрмеуі керек.)
2. Әр топ телефакс сияқты жұмыс істейді, яғни әр топ мүшесі келген хабарламаны тез әрі нақты жіберуі керек. Хабарлама сурет түрінде болады. Хабарлама алған топ мүшесі алдында отырған адамның арқасына сұқ саусақпен сол суретті салу керек. Сөйлеуге болмайды.
3. Хабарлама бірінші ойыншыға жеткен кезде арқасына салынған суретті таза қағазға салып, «Дайын» деген сөзді айту керек. Содан соң карточкадағы суретпен салыстырады.
4. Келесі раунд басталмас бұрын ойыншылар орын ауыстыра ма жоқ па екендігін сұрау керек.
5. Ойын соңында бірнеше сұрақтарды талқылау керек.
 - топ ұйымшыл болды ма?
 - жұмыс нәтижесін қалай арттыруға болар еді?
 - неге жылдамдық әртүрлі болды?

Нұсқалар:

Ойында қысқаша мәтіндік хабарламалар да болуы мүмкін. Мысалы, «иә», «жоқ», «алло», «ура» және т.б.

Өзгерістер

Жаттығу тренингті қорытындылау үшін пайдаланылады,

Қажетті құралдар: визитканың мөлшеріндей қалың қағаздан карточкалар, қарындаштар.

Уақыт: 10 минут.

Барысы: қатысушылардың әрқайсысы карточкадан алады да нұсқаулықты тыңдайды: «Тренингте біз жұмыс орнында өмірімізді жеңілдететін көп білім мен дағдылар алдық. Өкінішке орай, тренингте алған дағдыларымызды шынайы өмірде қолданбағандықтан ұмытылып қалады. Жақын арада практикаңызда нені және қалай қолданатыныңызды ойластыру үшін қолыңыздағы карточкаңызға тренингтен кейін жұмыс орныңызда енгізетін үш өзгерісті жазыңыз.»

Карточкаға әрқайсысы өз есімі мен телефонын жазады.

Қатысушылар жүйпмен карточкаларын алмастырады және бір аптадан соң жұмыс орнындағы өзгерістер туралы, мақсатының орындалғаны, орындалмағаны туралы сөйлесуге келіседі.

«Сұрақтар мен жауаптар»

Жаттығу өткен материалды еске түсіру үшін тренинг соңында орындалады.

Қажетті құралдар: планшеткалар, жапсырмалы қағаздар.

Уақыт: 20 минут.

Барысы: барлық қатысушылар 3-4 адамнан шағын топтарға бөлінеді, планшеткалар мен жапсырмалы қағаздар алады.

Әр шағын топ 5 минут ішінде тренинг тақырыбы бойынша барынша көп сұрақтар ойластырып, әр сұрақты әр жапсырмалы қағазға жазады да планшеткаға жапсырады.

Содан кейін шағын топтар бір-бірінің планшеткаларын айырбастап, жапсырылған сұрақтарға жауап береді.

Дайындыққа 10 минут беріледі. Содан кейін топтың бір мүшесі берілген сұрақтармен таныстырып, жауаптарын айтады.

«Тегін кеңестер»

Жаттығу тренингті қорытындылау кезінде өткізіледі, нәтижесінде әр қатысушы алған білімді қолдану бойынша жеке ұсыныс алады.

Қажетті құралдар: А4 форматты қағаздар, қарындаштар.

Уақыт: 10-30 минут (топ көлеміне байланысты)

Топ көлемі: 6-20 адам.

Барысы. қатысушылар шеңберге отырады. Әр қатысушы қағаздың жоғарғы жағына өз есімін жазады, Мысалы, «Кабденова Нұргүл». Содан соң оң жақтағы қатысушыға береді. Оң жақтағы қатысушы бір минут ішінде қағазда есімі жазылған адамға ұсыныс жазады.

Осылайша мұғалімнің белгісімен қағаздар оң жаққа беріліп отырады. Келесі көрші өз ұсынысын жазады. Ұсыныс жазылған қағаз есімі жазылған өз иесіне оралғанға дейін жаттығу жалғаса береді.

Нұсқау: ұсыныстарды бір-бірінің көрмеуі үшін оларды бүктеп, есімді қағаздың артына жазуға болады.

«Бір сөзбен»

Модератор сабақ туралы ойларын бір сөзбен айтуды ұсынады. Егер бұл сөз нашар бағаны білдірсе неге екенін түсіндіру қажет. Бұл әдісті шеңбермен жүргізуге болады. Модератор сабақтың қорытындысы туралы әңгімелейді, ал топ мүшесінің әрқайсысы бір сөзбен ғана толықтыруы қажет. Көршілерінің сөзін қайталамау керек. Мысалы былайша: «Құрметті достар! Сабағымыз аяқталды және бұл сабақ жалпы ... (қызықты, табысты, ішпыстырарлық, қысқа, т.б.)

Меніңше, сабақтың бергені көп. Олар жаңа (достар, әдістер, білім...)

Әсіресе, қызықты болған кезең

Пайдасыз болған кезеңі

Ертең сабаққа келгенде, Сабақтың қорытындысы бойынша мен міндетті түрде ...

Сөз соңында ұйымдастырушыларға айтатыным

«ПОПС» Жеке позициясын негіздеу бойынша жазба жұмыс (ЖПНЖ)

Бұл әдіс интербелсенді, белсенді және пассивті әдістердің жақсы жақтарының қосындысы. Бұл әдіс үй тапсырмасына жақсы келеді, нәтижесі жеңіл бағаланады. Оқушы мәтінмен жұмыс істейді, жеке немесе біреумен шығармашылық тапсырманы орындайды, іштей басқа оқушылармен сөз таластырады. Бұл жұмыс түсіндіру, өз позициясын қорғау, басқа проблемалардың аспектілерін көруге, өз ойын құруға көмектеседі. Бұл әдіс арқылы оқушының тақырыпты қаншалықты меңгергендігін байқауға болады. Сол сияқты жазба жұмысының бұл түрі оқушы үшін де, мұғалім үшін де қағаз жұмысының көлемін шектейді.

Өткізу тәртібі:

Алдын-ала

«Иә», «жоқ» жауаптарын қажет ететін пікірталас сұрақтарын дайындаңыз. Әр жауап дәлелденетіндей болу керек. Пікірталас сұрақтарын «Тірі құқық» курсынан табуға болады. Мысалы, «Өлім жазасын жоюға бола ма?»

Оқушылардың жұмыс түрін таңдаңыз (сабақта немесе үйде, жеке немесе жолдастарымен)

Өткізу кезінде

Оқушыларға пікірталас сұрағын беріңіз.

Дайын емес аудиторияға ең алдымен ауызша талқылау жұмысын жүргізіңіз, бұл оқушыларға әртүрлі пікір мен дәйектер айтуға, тыңдауға мүмкіндік береді.

Оқушыларға дәлелдемелі аргументтер жазуды ұсыныңыз.

Сосын оқушыларды сұрақ бойынша өз позициясын анықтайтын кіріспе абзац жазуды сұраңыз. Бұл абзац жазба жұмысы үшін кіріспе болады.

Жұмысты үйде аяқтап келуге болады.

Сізге оқушыларға өз позициясын негіздейтін әдебиеттерді, материалдарды ұсынуға болады. Сол сияқты ПОПС формуласына жүгінуге болатынына кеңес беріңіз.

Жұмысты бірнеше тәсілмен бағалауға болады, мысалы, 100 ұпайлық жүйемен: дәлелдеме үшін 2 ұпайдан 5 ұпайға дейін, нақты позиция үшін - 5 ұпайдан 10 ұпайға дейін, қалған жұмысқа 20 ұпайдан 50 ұпайға дейін.

Өзіндік ойды негіздеу бойынша жазбаша жұмыс

Аты, тегі _____

Сынып _____

Күн _____

1. Талқылау сұрағы/проблема:

2. Айғақтар келтіру:

А) № 1 ойды жақтайтын айғақтар:

1)

2)

3)

4)

Б) № 2 ойды жақтайтын айғақтар:

1)

2)

3)

4)

Жазбаша талқылауыңыздың кіріспесі болатындай берілген проблема бойынша өз ойыңызды қарапайым тілмен бір абзац шеңберінде негіздеңіз.

Парағыңызды аударып кері жағына жалғастырыңыз. Жұмысыңыздың бірінші бөлімінде өз айғағыңызды қолдайтын түрлі мысалдар мен түсіндірмелер жазуларыңыз керек. Келесі бөлімінде қарсы келтірілген айғақ неліктен сіз үшін сенімсіз екенін түсіндіріңіз.

Үшінші бөлімде өз ойыңызды нақтылайтын тағы да бір айғаққа дәлелдемелерін келтіре жазыңыз. Сіздің талқылауыңыз берілген бетке сыйымды болуы керек сондықтан көлемге назар аударыңыз. Түсінікті тілмен жазыңыз, бөлімдерін белгілеп отырыңыз.

ФОРМУЛАНЫ қолдану күрделі мәселелерді талдауда жетекшілік етуге оңтайлы тәсіл. [6]

«Алма ағашы»

Қабырғаға сурет ілінеді: «Алма ағашы», «Себет», «Қырықбуын-гусеница». Әр оқушыға қызыл, сары, жасыл түсті алма суреті бар парақтар таратылады. Алма суретіне өз ойын білдіру керек:

қызыл – «себетке салып өзіммен алып кетемін»;

жасыл – «мен үшін түсініксіз, ағашта қала береді»

сары – «маған қызық емес қырықбуынға беріп кетемін»

«Мейрамхана»

Тақтаға «Аспаз» суреті ілінеді де «Тойдыңыздар ма?» деген сұрақ қойылады: бөлек карточкаларға сұрақтар жазылады:

«Тойдыңыз ба?»

Мен ... тағы жер едім...

Ең ұнағаны ...

... қорыта алдым.
 Бұл мейрамхана...
 ... қатты тойдым.
 ... қарным ашып тұр.

Оқушылар карточкаларды толтыруы керек, соңында «рефлексивті сурет» пайда болады.

Бұлттар мен күннің көзі

Уақыт: 10 мин.
 Дайындыққа; 5 мин.
 Түсіндіруге; 5 мин.

Әр оқушы жауабына, карточкалармен жұмысқа, мазмұнды саралауға 30 мин.
 Құралдар: үлкен форматты қағаздар, бір немесе бірнеше фломастер, екі түсті карточка, кнопка немесе скоч.

Өткізу:

* Үлкен бетке сұрақтар жазылады (бір бетте бір сұрақ), қарама-қарсы екі символ қойылады. Мысалы, күннің көзі - бұлт. Күннің көзі (мысалы: «сіз үшін пайдалы болған ақпарат?» сұрағының жанында) немесе бұлт (мысалы: «Түсініксіз болған ұғым?» сұрағының жанында).

* Оқушылар үлкен параққа маркерлермен жазады немесе екі түсті карточкалардың бірін толтырады. Карточкалар үлкен параққа орналастырылады. Карточкаларға жазған ыңғайлы өйткені барлығы бір мезгілде жұмыс жасай бастайды. Уақыт үнемделеді. Оларды талқылап ашық қалған сұрақтармен жұмыс жасауға мүмкіндік алады.

Бөлімде берілген материалдар тәжірибеде қолдана отырып сараланып алынған.

3 - БӨЛІМ. ТАНЫМҒА БАҒЫТТАЛҒАН КЕРІ БАЙЛАНЫС ҰСЫНА АЛАСЫЗ БА?

№	1-Жаттығу: Кері байланыс фокусы	2-Жаттығу: Кері байланыстың мақсаты
1	Прогресс және тіл	- оқушыларды мадақтау - оқушыларды уәждеу - мақтау айту
2	Идеяларды құрылымдау	оқушыларға эссе/ жазбаша жұмыстарды жазуға көмектеседі
3	Тіл	айтылуын жақсартуға көмектесу
4	күш / қарым-қатынас	- оқушыларды мадақтау - оқушыларды уәждеу - мақтау айту
5	Идеялар	жазба жұмыстар үшін идеялар ойлап табуға және оны зерттеуге көмектесу

6	Мінез-құлық / күш	• сенімділік нығайту • қолдау көрсету • оқушыларды уәждеу • мақтау айту
7	Мінез-құлық	• көзқарасын жақсартуға көмектесу
8	Тіл мен идеялар	• жазуын жақсартуға, байланыс орнатуға көмектесу
9	Қарым-қатынас және мінез	• оқушыларды сыныптан тыс жұмыстары үшін мадақтау
10	Прогресс	• оқушыларды мадақтау • оқушыларды уәждеу • мақтау айту
11	Қолтаңба сапасы	• оқушыларға жазба жұмысының сапасын арттыруға көмектесу
12	Қарым-қатынас және мінез	• еркін сөйлеу үшін оқушылардың сөйлеу дағдысын арттыру

1- жаттығу

Мұғалімнің пікірлерін оқыңыз және нақты жағдайдың фокусын анықтаңыз.

1. Сіз етістіктің шақтарын қолдануда шынымен ілгері жылжыдыңыз.
2. Сіз өз эссеңіздің құрылымына назар аударуыңыз керек. Онда логикалық жүйенің сақталуына көз жеткізіңіз.
3. Айтуда мұқият болыңыз / Ұ /. Зертханада жұмыс істеп көріңіз. Дыбысты айтып жаттығып, онда бар ақпаратты қолданыңыз.
4. Сіздің үй жұмысыңыздан бірнеше аптада қанишалықты нәтижелі жұмыс жасағаныңызды көруге болады. Құттықтаймын.
5. Жазбас бұрын өз тақырыбыңыз бойынша көбірек оқып көріңіз. Бұл сіздің не жазатындығыңыз туралы ойыңызды кеңейтеді.
6. Сіздің барлық адамдармен қазақ тілінде сөйлесуге дайын болуыңыз ілгері жылжуыңызға септігін тигізеді.
7. Өтінемін, сабаққа ертерек келуге тырысыңызшы. Сіз сабақтың көп уақытын босатасыз.
8. Сөйлемдеріңізді байланыстыруға шылауларды көп қолданыңыз – ол оқырмандарға сіздің ойларыңызды түсінуге көмектеседі.
9. Сізге үй жұмысын орындауға көбірек уақыт жұмсау керек. Бұл сыныпта орындалған жұмысты бекітуге көмектеседі.
10. Сіздің сөйлеуіңіз өткен тоқсанға қарағанда әлдеқайда жақсарды.
11. Сіздің жазуыңызды түсінбеймін бе деп қорқамын. Қосымша жолдарға анығырақ жазуға немесе алдағы уақытта үй тапсырмасын компьютермен орындауға тырыспас па екенсіз?
12. Сөйлеген кезде қате жіберемін деп қорықпаңыз.

Кері байланыс пікірлерінің мақсаты жайында ойланыңыз.
Кері байланыс орнату–2- жұмыс парағы

1 - тапсырма үлгісі

Мұғалімнің А-Ғ-та көрсетілген мақсатпен оқушылардың жазба жұмыстары туралы кері байланыс орнату әдістерін салыстырыңыз. Сіз кейбір параметрлерді бірнеше рет қолдана аласыз.

Мұғалімнің оқушылардың жазба жұмыстары туралы пікірі

1. Мұғалім өзгеріс кодын қолдана отыра оқушының жазба жұмыстарына белгі қояды. Содан соң оқушылардың жұмыстарын дұрыстауға уақыт беріп, осы үдерісті қадағалайды.
2. Мұғалім оқушылардың үйде жазылған әріптеріне баға қояды. Сондай-ақ ол үлгі ретінде әріптің үлгісін береді.
3. Мұғалімдер оқушылардың жазба жұмыстарына кері байланыс беру үшін күлімсіреген және көңілсіз түрі бар суреттерді қолданады.
4. Мұғалім оқушылардың жазбаша жұмыстарында жіберілген қатені білгілейді және оны командада жұмыс істей отыра орындайтын тілдік тест құрау үшін пайдаланады.
5. Мұғалім оқушылардың жазған әңгімелерінің тек мазмұнына ғана түсіктеме береді.

Мақсаттары

А Жазбаша жұмыста оқушылардың көбі жіберетін жалпы тілдік қателерге көңіл аудару.

В Токсан соңында оқушыларға жазбаша жұмыс кезіндегі жалпы ілгерілеу жайында ақпарат беру.

С Оқушылардың өзінің жұмысын дұрыстау дағдысын дамытуда марапаттап отыру.

Д Оқушылардың шығармашылығын марапаттау арқылы жазуға оң көзқарас туғызу.

Е Оқушыларға болашақта ұқсас жазбаша жұмыс жазуға үлгі беру.

Ғ Бастауыш сынып оқушыларына олардың жетістіктерін қызықты ойын формасында көрсету.

Кері байланыс орнату–3- жұмыс парағы

2- тапсырма үлгісі

Мұғалімнің оқушылардың сөйлеу дағдысының деңгейіне кері байланыс беру тәсілдерін (1-6 пункттер) А-Г-да белгіленген мақсатпен салыстырыңыз. Сіз кейбір параметрлерді бір реттен көп қолдана аласыз.

Мұғалімнің оқушылардың сөйлеу дағдылары туралы пікірі

1. Оқушылар сыныпқа әңгіме айтып жатқан уақытта мұғалім олардың қолданып жатқан тілі мен әңгімені жалғастыру туралы пікір жазады.
2. Пікірталаста мұғалім тыңдап, оқушылардың қолданған тіліне емес, олардың идеяларына ғана пікір айтады.
3. Мұғалім оқушылардың тәжірибелік тапсырманы орындау кезінде формасы мен мазмұны қиындық туғызғанын байқайды. Мұғалім оқушыны тоқтатып қате жерлеріне көңіл аударады.
4. Тапсырманы орындау кезінде оқушылар бір-бірін түсінбейтін жағдайға келгенде мұғалім пікірталасты қысқаша екі рет тоқтатады.
5. Оқушылар жеке тілдік қателіктерін дұрыстау үшін өздерінің сөйлегені жазылған таспаны тыңдайды.
6. Лексикалық бірліктермен жұмыс жасау кезінде кейбір оқушыларда сөзге және дауысты дыбыстарға екпін түсіруде қиындықтар туады. Мұғалім осыны есепке ала отыра оларға жеке жаттығуға мүмкіндік береді.

Мақсаттары

- A** Оқушыларды өзіндік сөйлеу дағдысының мониторингісін ұйымдастыру кезінде көтермелеу.
- B** Оқушылардың ауызша сөйлеудегі ұқыптылығы мен жылдамдығын дамыту.
- C** Сөйлеп тұрған тілдің аясында оқушылардың айтылуына мән беру.
- D** Оқушылардың көңілін формасына емес, мазмұнына аудару.
- E** Оқып жатқан тақырып аясында сөйлеп отырған тілді өзара дұрыстау үшін көтермелеу.
- F** Коммуникация бұзылғанның өзінде тапсырманы орындауда алға жылжуға болатынына сендіру.
- G** Оқушылар дұрыс қолдана алу үшін түгел сыныпқа сөйлеп тұрған тілдің шеңберінде өтіп жатқан тақырып бойынша терминдерді қайтадан нақтылау.

Кері байланыс орнату - 4 жауап парағы

2 жұмыс парағы 1 тапсырма үлгісінің кілті	3 жұмыс парағы 2 тапсырма үлгісінің кілті
1.C	1. B
2.E	2. D
3. F	3. G
4. A	4. F
5. D	5. A
	6. C

4 - БӨЛІМ. КЕРІ БАЙЛАНЫС ҮДЕРІСІН ЖОСПАРҒА ЕНГІЗУ

№1 сабақ жоспарынан үзінді

Сынып: 1		
Сабақ мақсаттары:	Барлығы: Оқу құралдарын атайды, көрсетеді Көбі: Басқа заттардан ажыратады Кейбірі: сұхбатқа түседі, сұхбаттасын түсінеді	
Кезең	«Таяқ тастау» ұлттық ойын-жаттығуы	Ресурстар,
Басы	Нұсқаулық беріледі. 1-айналым. Ортаға шеңберге тұрып, таяқты бір-біріне жылдам тастау арқылы оқу құралдарын атап шығады (бір сөзден: қалам, дәптер, қарындаш) 2-айналым. 2 сөзден тұратын тіркестер айту. - екі қалам, жасыл дәптер, қызыл қарындаш 3-айналым. Мұғалімнің командасын ым-ишарамен көрсету. - кітап оқы, - қайшымен қи, - қағазды жырт, - қарындашты ұшта, - бормен тақтаға жаз, - дәптердің үш бетін парактап аш т.б.	Тақырыптық сурет-сызбалар. Сөмке. Оқу құралдары
Ортасы	«Сөмкеде не бар?» дидактикалық рөлдік ойыны. Партала оқу құралдарынан өзге бірнеше бөгде заттар орналастырылады. Бір оқушы қолына сөмкесін алып, 2-ші оқушының (мұғалім) нұсқауы бойынша оқу құралдарын тауып, атай отыра сөмкесіне салады. Әр әрекет кезінде мұғалім рөліндегі оқушы сұрақ қойып отырады.	 Доп, сөмке, оқу құралдары, басқа заттар.
Соңы	Кері байланыс «Дұрыс- бұрыс» сауалнамасы - Қарындашпен өшіреміз / бұрыс/ - Қаламмен жазамыз /дұрыс/ - Өшіргішпен бояймыз /бұрыс/ - Сызғышпен сызамыз/дұрыс/ - Дәптерге жазамыз /дұрыс/ - Желіммен желімдейміз /дұрыс/ - Оқулықпен ұштаймыз /бұрыс/ Сөздер мен сөз тіркестерді қолданады.	

№ 2 сабақ жоспарынан үзінді

Сабақ: Дене мүшелері		
Сынып: 1		
Сабақ мақсаттары:	Барлығы: Дене мүшелерін атайды, көрсетеді. Көбі: Сурет, сызбаларды пайдаланып тапсырмаларды орындайды. Кейбірі: суретке қарап сипаттайды, мысалдар келтіреді.	
Алдыңғы оқу	Дене мүшелерінің атауы	
Уақыт	Әрекет	Ресурстар
Басы 9. 00-9. 06	Оқушыларды шеңберге тұрғызу. Әуен жібереді. «Дене шынықтыру» ойын-жаттығуын өткізу Жаттығу қимылдарын жасайды. «Шымыр болайық!» атты дене шынықтыру жаттығуларын жасау.	Спорт құралдары, тақырыптық әуен
Ортасы 9. 06.-9. 21	Жұппен жұмыс - Адамның суретін ұсынады, нұсқаулық береді. - Ширатамыз, ширатамыз қолдары мен аяқтарын жасаймыз...	Ермексаз, адам суреті
Соңы 9. 21.-9. 45	Топтық жұмыс «Дымбілместің айға сапары» атты дидактикалық ойынын өткізеді. Дымбілместің, зымыранның суреті, зымыранға ұшыратын тапсырмалар сатысы (4 тапсырма) Кері байланыс. Дымбілмеске зымыранға отырып айға ұшуына көмек керек. Ол үшін 4 сатыдағы тапсырмаларды орындаймыз. 1. Дене мүшелерін ата 2. Дене мүшелерінің қызметі 3. Командаларды орында - допты теп - досыңды құшақта - басыңа қалпақ ки - көзілдірік ки - құлаққап тақ - шашыңды тара - тісіңді тазала - аузыңды аш - мойныңа бөкебай ора.	   Постерлер, маркерлер, пазлдар, зымыранның, Дымбілместің суреті

№ 3 сабақ жоспары

Сабақ: Астана мәдениет пен өнер ордасы		Мектеп:	
Сабақ мақсаттары		Барлығы: Астана қаласының көрікті жерлерін атай алады Көбі: әңгімелей алады, суреттерді сипаттай алады Кейбірі: Сөз тіркестерімен сөйлемдер құрастыра алады	
Кезең	Уақыт	әрекет	Ресурстар
Басы	9 ⁰⁰ - 9 ¹⁰	Топқа бөлу (суреттер арқылы) Сабаққа кіріспе жасау Сөздерді қайталайды	Сурет Сөздік
	9 ¹⁰ – 9 ²⁰	Сөздікпен жұмыс. Сөз тіркестерін құру. Жұпта таныстыру Сөздер құрады Жұптық жұмыста	
Ортасы	9 ²⁰ – 9 ³⁵	1. Оқушыларға Астана қаласының көрікті жерлері бейнеленген суреттер тарату 2. Оқушылаға карточкалар тарату 3. Сөйлем құрастыру	Сурет Карточка
		Саралау топта	
		Бағалау өзара бағалау	
		Сұрақ Біз осы суреттер, карточкалардың көмегі арқылы не білдік?	
Соңы	9 ³⁵ – 9 ⁴⁵	Оқушыларға постер беріледі, олар Астана қаласы жайлы әңгіме құрастырады	Постер
		Кері байланыс: Бүгінгі сабақта мен Астананың ----- білдім. Астанадан ----- жерлеріне барар едім. Астана туралы мен ----- бұрыннан таныспын.	

№ 4 сабақ жоспары

Сабақ: Астана мәдениет пен өнер ордасы		Мектеп:	
Сабақ мақсаттары		Оқушылардың бәрі мынаны орындай алады: Астана қаласының көрікті жерлерін атай алады Оқушылардың көбі мынаны орындай алады: Астана қаласы жайлы әңгімелей алады, суреттерді сипаттай алады Оқушылардың кейбіреулері мынаны орындай алады: Сөз тіркестерімен сөйлемдер құрастыра алады	
Кезең	Уақыт	әрекет	Ресурстар
Басы	9 ⁰⁰ - 9 ¹⁰	Топқа бөлу (суреттер арқылы) Сабаққа кіріспе жасау Сөздерді қайталайды	Сурет Сөздік
	9 ¹⁰ – 9 ²⁰	Сөздікпен жұмыс. Сөз тіркестерін құру. Жұпта таныстыру Сөздер құрады Жұптық жұмыста	
		Саралау топқа бөлуде / жұптық жұмыста	
		Бағалау эмоционалды / өзара бағалау	
		Сұрақ Астана қаласы жайлы не білеміз? /	
Ортасы	9 ²⁰ – 9 ³⁵	1. Оқушыларға Астана қаласының көрікті жерлері бейнеленген суреттер тарату 2. Оқушылаға карточкалар тарату 3. Сөйлем құрастыру Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қояды Ойын ойнайды	Сурет Карточка
Соңы	9 ³⁵ – 9 ⁴⁵	Оқушыларға постер беріледі, олар Астана қаласы жайлы әңгіме құрастырады	Постер
		Кері байланыс: Бүгінгі сабақта мен Астананың ----- білдім. Астанадан ----- жерлеріне барар едім. Астана туралы мен ----- бұрыннан таныспын.	

№ 5 сабақ жоспары

1-сынып		
Сабақ мақсаты	Барлық оқушылар орындай алады: Дүкен тақырыбы қатысты сөздер,сөз тіркестерді біледі,-ға,-ге,-қа,-ке жалғауын жалғап сөйлем құрастыра алады. Дүкендердің түрлерін ажырата алады.	
	Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Сұхбатқа қатысады	
	Кейбір оқушылар орындай алады: Туындаған жағдаятқа байланысты еркін сұхбаттаса алады	
Басы	<i>Ұйымдастыру сәті</i> <i>Шаттық шеңбер: Сыныпты суреттер арқылы екі топқа бөледі.</i> <i>Мұғалім сөзі: Сәлеметсіздер ме, балалар?! Отырыңдар.</i> <i>Біздің қоршаған ортамыз қандай?</i> - <i>Сендер қандай үй жанарларын білесіңдер?</i> -<i>Қандай аңдарды білесіңдер?</i> <i>Табыс критерийлары</i>	
Ортасы	<i>Жаңа тақырып</i> Бес тәтті, өте, сатып алды, мынау, дүкенде. - Біз бүгінгі сабақта не туралы айтамыз? Ширату жаттығулары: 1-тапсырма. Мәтінді скининг әдісі арқылы оқы. Уақыт тізбегін қандай? қай? қашан? қайда сұрақтары арқылы құр. Азық-түлік дүкенінде. Мәтінімен жұмыс. 2-тапсырма.Сұрақ-жауап. Бұл дүкендердің бір-бірінен айырмашылығы қандай? 3-тапсырма. Дүкен.Үлкен дүкен.Біздің дүкен үлкен. Ал.Сатып ал.Дүкеннен сатып ал. Сергіту сәтті	
Соңы	<i>Кері байланыс орнату.</i> <i>Мен азық- түлк дүкенінен ...</i> <i>Әмбебап дүкеннен ...</i> <i>Киім дүкенінен ...</i>	

№ 6- сабақ жоспары

1- сынып	
Сабақ мақсаты	<i>Барлық оқушылар орындай алады:</i> Туыстарын атай алады.
	<i>Оқушылардың көпшілігі орындай алады:</i> Сандарды қатыстырып тіркестер жаза алады.
	<i>Кейбір оқушылар орындай алады:</i> Отбасы жайында әңгімелей алады.
Басы	<i>Ұйымдастыру сәті:</i> Отбасы мүшелерінің суреттері арқылы топқа бөлінеді. Табыс критерийлері талқыланады. Мақсатпен байланыстырылады. Үй тапсырмасын сұрау: Отбасы туралы әңгімеле.
Ортасы	<i>Жаңа тақырып;</i> Мәтінді қалай атар едіңіз? Әр топ өз фотоальбомы туралы әңгімелейді. (3-4 сөйлем) 2-тапсырма. Балық қаңқасын толықтыр. Сұрақтар құрып, жауап беріңдер.
Соңы	Кері байланыс: Тест тапсырмасын орындау. 1.Мәтіннен тірек сөздерді табыңыз. А. Отбасы, қызметкер Б. Әріптестер, достар. С. Отбасы мүшелері, туыстық атаулар Д. Әке-шеше, балалар. 2. Мәтіннен сәйкес келетін ақпаратты таңдаңыз. А. отбасымыздың жақсы дәстүрі бар Б. Жыл сайын ата-анам демалыс орнына барады С. Ағам мен әпкем университетте оқиды Д. Отбасымызда дәстүр жоқ 3. Мәтіннен сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз. А.Отбасымыз үлкен Б. Фотосуретте туыскандар бейнеленген С. Отбасымыздың жақсы дәстүрі бар Д. Досым балық аулауды жақсы көреді

ҚОРЫТЫНДЫ

Кері байланыс – топтық жұмыс барысындағы екі жақты ақпарат алмасуды, көңіл-күй аясын жақсартуды көздейтін даму үдірісі. Бұл үдеріс жұмысты қаншалықты дамытып, қаншалықты келесі сабаққа өзгеріс енгізе алады? Ең біріншіден, тиімді жүргізілген кері байланыстың оқушылардың танымына әсерін айқын көруге болады. Яғни, оқушының сабақта жетістікке жетуі, өз-өзін реттеп, метатанымына әсер етуі. Кері байланыс арқылы оқушы өзінің қай деңгейде екенін біліп қана қоймай, қалай дамуға болатынын көре алады.

Кері байланысқа тек бір жақты қарауға болмайды. Тәжірибе көрсеткендей, оқушының өзіне, жолдастарына, мұғалімнің оқушыға берген кері байланысының маңыздылығы қандай болса, әр сабақтан соң мұғалімнің өзіне жасайтын кері байланысы да соншалықты маңызды. Ол мұғалімнің өз жұмысын дамытуы үшін де қажет. Жалпы, сабақта жүргізілетін кері байланыс қаншалықты маңызды болса, оны жүзеге асырудың ережелері мен әдістерін түрлендіріп отыру да соншалықты маңызды. Осы негізде кері байланыс оқушы эмоциясына ғана негізделіп қоймай, танымға бағытталуы керек. Оқушының сабақтан алған біліміне үңіліп, бағыт беру кері байланыстың түрлерін шығармашылықпен қолдана білуге үйретеді. Сонымен қатар оқушымен жұмыс жасауда кері байланыстың мақсатын нақты айқындап, түрлендіріп отыру нәтижеге жету жолы. Мысалы, оқушыларды мадақтау тәсілдері арқылы ойын жинақтауға үйрету, сөйлеу дағдыларын дамытуға, қарым-қатынасқа тарту, мінез-құлық ерекшеліктерімен жұмыс жасау, сенімділікті нығайту, зерттеуге бағыт беру, өзіндік жұмысты дамыту. Яғни, мұғалім оқушымен жұмыс жасау барысында ең басты кезекте кері байланысты оқушылардан ғана талап етпей, оқушыға өзі де үлгі бола білуі керек. Себебі, әр оқушының өзіндік ішкі әлемі бар. Сол ішкі әлемді тану үшін, оқушының ашылуы үшін оқушының кез келген жұмысына эмоциялық, танымдық кері байланыс ауызша, жазбаша түрде берілуі маңызды болмақ. Яғни, оқушының өз әрекетін түсінуге, жауапкершілігін арттыруға, мақсатты жұмыс жасауына, бағыт-бағдар алуға мүмкіндік беріледі.

Жалпы, кері байланыс – мұғалімнің әр оқушыны өз ортасында өмірге дайындауы, айналасында болып жатқан құбылыстарды түсінуге жетелеуі, өзіндік көзқарасын қалыптастыруы, сабақта алған білімін қоғамда пайдалана білуге, шешім қабылдауға үйретуі десек, бұл әр мұғалімнен ізденіс пен табандылықты, өзіне деген шынайылықты талап ететін қашанда түрлену, даму үстінде болатын үдеріс.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ:

1. <https://kk.wikibooks.org/wiki/>
2. Hattie, J. (2009). *Visible Learning*. London and New York: Routledge.
3. «Тиімді оқыту» Жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы бойынша мектеп тренерлерін оқыту бағдарламасы. Мұғалімге арналған бағдарлама. – Астана: ДББҰ «Назарбаев Зияткерлік мектептері» Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016. - 60 б.
4. «ЖОО-ғы гуманитарлық білім беру технологиялары» кітабынан //О.В.Акулова, А.А.Ахаян, Е.Н.Глубокова, А.Е. Бахмутский, О.Б. Даутова, О.Н.Крылова, С.А.Писарева, Е.В.Пискунова, А.П. Тряпицына, // Под ред. С.А. Гончарова. Отв. ред. И.Ю.Гутник. - СПб.: Изд-во РГПУ им. А. И. Герцена, 2007. —174 с.
5. «ТӘЖІРИБЕДЕГІ РЕФЛЕКСИЯ» Жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы бойынша мектеп тренерлерін оқыту бағдарламасы.- Астана: ДББҰ «Назарбаев Зияткерлік мектептері» Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016. – 88 б.
6. «Workshop деген не?» Тәжірибелік семинарлар ұйымдастырушыларына арналған құрал құрастырушы және автор О.Б.Чикуров. – Псков, 2001. 121б.
7. Пронькин В.Н., Гутников А.Б., Живое право. Книга для ученика. Т.1: Учеб. пособие для 8-11 кл. - СПб.: Изд-во С.-Петербур. ин-та права им. Принца П.Г.Ольденбургского, 2001, стр.418.

ПАЙДАЛАНУГА ҲАМОН ҚОЎЙИЛГАН АДАБИЁТ:

1. Absolum, M. (2006). *Clarity in the classroom*. Auckland: Hodder Education.
2. Adcroft A. (2011). The mythology of feedback. *Higher Education Research and Development*, 30(4), 405-419.
3. Al-Haqwi, A. I., Al-Wahbi, A. M., Abdulghani, H. M., et al. (2012). Barriers to feedback in undergraduate medical education. Male students' perspective in Central Saudi Arabia. *Saudi Medical Journal*, 33(5), 557-561.
4. Alves de Lima, A. (2008). Constructive feedback. A strategy to enhance learning. *Medicina (B Aires)*, 68(1), 88-92.
5. Ashford, S. J., Blatt, R., VandeWalle, D. (2003). Reflections on the looking glass: a review of research on feedback-seeking behavior in organizations. *Journal of Management*, 29(6), 773-799.
6. Bhattarai, M. (2007). ABCDEFG IS - the principle of constructive feedback. *Journal of the Nepal Medical Association*, 46(167), 151-156.
7. Bok, H. G., Teunissen, P. W., Spruijt, A. ,et. al. (2013). Clarifying students' feedback seeking behavior in clinical clerkships. *Medical Education*, 47(3), 282-291.
8. Branch, W. T. and Paranjape, A. (2002). Feedback and reflection: teaching methods for clinical settings. *Academic Medicine*, 77(12 part 1), 1185-1188.
9. Bransford, J. D., Brown, A. L., & Cocking, R. R. (Eds.). (2000). *How people learn: Brain, mind, experience, and school*. Washington, DC: National Academy Press.
10. Broquet, K. E. and Punwani, M. (2012). Helping international medical graduates engage in effective feedback. *Academic Psychiatry*, 36(4), 282-287.
11. Burr, S. and Brodier, E. (2010). Integrating feedback into medical education. *British Journal of Hospital Medicine*, 71(11), 646-649.
12. Carr, S. (2006). The Foundation Programme assessment tools: An opportunity to enhance feedback to trainees? *Postgraduate Medical Journal*, 82(971), 576-579.
13. Clarke, S. (2003). *Enriching Feedback in the primary classroom*. London: Hodder and Stoughton.
14. Clarke, S. (2001). *Unlocking formative assessment: Practical strategies for enhancing pupils' learning in the primary classroom*. London: Hodder and Stoughton.
15. Hattie, J. (2009). *Visible Learning*. London and New York: Routledge.
16. Marzano, R., Pickering, D., & Pollock, J. (2001). *Classroom instruction that works: Research-based strategies for increasing student achievement*. Alexandria, VA: ASCD.
17. Mazur, E. (2009, January 2). Farewell, lecture? *Science*, 323, 50-51.

Теруге 25.02.2016 берілді. Басуға 27.12.2016 қол қойылды.
Пішімі 70х100/16. Кеңсе қағазы 80 гр/м². Сандық басылыс.
Шартты б. т. 4,06. Таралымы 130 дана. Тапсырыс № 1323
«Педагогикалық шеберлік орталығы» ЖМ типографиясында басылды.
010000, Астана қ., 31 көшесі, 37А
e-mail: info@cpm.kz

Сдано в набор 25.02.2016. Подписано в печать 27.12.2016.
Формат 70х100/16. Офисная бумага 80 гр/м². Печать цифровая.
Усл. печ. л. 4,48. Тираж 130 экз. Заказ № 1323
Отпечатано в типографии ЧУ «Центр педагогического мастерства»
010000, г. Астана, ул. 31, 37А
e-mail: info@cpm.kz

